

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ

БІЛІМ БЕРУ УӘЗІРЛІГІ

ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ

ИНСТИТУТЫ



Филология факультеті

Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы

5111300 – Қазақ тілі және әдебиеті бакалавр бағдарының

4 курс студенті Тағанов Заманбектің

## ***БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ***

Тақырып: 5-6-сыныптарда сыныптан тыс жұмыстарды алып бару әдіс-тәсілдері

Студент:

З. Тағанов

Ғылыми жетекші:

Ғ. Мамбеткаримов

Кафедра меңгерушісі:

ф.ғ.к., доц. А. Оразымбетов

*Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы мәжілісінің 2018-жыл 30-майдағы №9 протоколымен қорғауға ұсынылды.*

Нөкіс- 2018

Тағанов Заманбектің «5-6 сыныптарда сыныптан тыс жұмыстарды алып бару әдіс-тәсілдері» тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация комиссиясы қарарымен «\_\_\_\_» балл ( « \_\_\_\_» %) қойылды.

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2018-жыл

МАК хаткері:

Т.Төрткулбаева

## **ЖОСПАР:**

Кіріспе

### **I тарау. Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру**

1.1. Сыныптан тыс жұмыстардың негізгі түрлері

1.2. Үйірме және олардың түрлері

### **II тарау. 5-6-сыныптарда сыныптан тыс жұмыстарды ауызша және жазбаша дамытудың маңызы**

2.1. Сыныптан тыс жұмыстарды ауызша дамытудың тиімділігі

2.2. Мазмұндама мен шығарма жаздыру –жазбаша тіл дамытудың тірегі

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

## АВТОРДЫҢ АННОТАЦИЯСЫ

**Тақырыптың актуальдығы:** Орта мектепте әдебиет сабағында сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстарының мақсаты – оқушыларға әдеби тілімізді меңгертуге, оның қыры мен сырын үйретуге бағытталады. 5-6-сыныпты бітіретін оқушы байланыстырып сөйлеудің біршама күрделі түрлерін толық меңгеруі тиіс. Оқыған тақырыпты сұрақ бойынша мазмұндап айтып беру жеткіліксіз, оқушы өз ойын байланыстырып, әңгімелеп үйренуі тиіс. Әрбір оқушы ойын басқаға тіліміздегі бар сөздер мен олардың тіркесі арқылы баяндайды. Оқушы сөзінің басқаларға түсінікті болуы тіліміздегі сөздерді орнымен қолдана білуіне байланысты. Осы жолда баланың жан-жақты білім алуында сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың орны ерекше, бұл біз таңдаған тақырыптың көкейтестілігінен дерек береді

Біз 5-6-сынып оқулықтарында берілген сыныптан тыс жұмыстарды зерттеуді белгіленген жоспар негізінде мамандық жұмысымыздың тақырыбы етіп алып, методикалық жақтан қарастырдық.

**Жұмыстың мақсаты мен міндеттері:** Бітіру мамандық жұмысымыздың басты мақсаты – 5-6-сыныптарда баланың жас өзгешелігіне сай берілген сыныптан тыс жұмыстарды талдау, оларды алдын ала берілген жоспар-тапсырмалар негізінде талдау, методикалық жақтан баға беру жұмысымыздың негізгі нысанасы болды.

**Зерттеу методикасы, әдістері:** Мамандық жұмысын жазу барысында біз методикалық-салыстырмалы әдісті қолдана отырып, сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың тиімділігін қарастыруда негізінен ғылыми зерттеу методикасын пайдаландық. 5-6-сынып оқулықтарына енгізілген сыныптан тыс жұмыстардың қайсы түрін алып қарасақ та тәлім - тәрбиелік, педагогикалық, психологиялық маңызға ие

туындылар екенін сөз жүзінде дәлелдеп, оның мазмұнын анализдеу әдісін қолданып көркемдігін ашу зерттеуіміздің негізгі әдісі болып табылады.

***Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалықтары:*** Мектепте сыныптан тыс жұмыс алып бару туралы ғылыми пікірлер аз айтылмаған, бірақ біз үшін методикалық жақтан жаңаша тұжырымдар айту үлкен жаңалық. Әсіресе, сыныптан тыс жұмыстарды әдіскерлік шеберлікпен өту туралы мысалдармен дәлелдеп, зерттеу жасап жақсы нәтижеге ерістік деген пікірдеміз.

***Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы мен ұсынысы:*** Орта мектепте жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстар туралы айтылған біздің жұмысымыздағы тұжырымды ой-пікірлерді басшылыққа ала отырып, 5-6-сыныптарда өтілетін қазақ әдебиеті сабағында пайдалануға болады деген ойдамыз.

***Жұмыстың құрылысы мен ізбе-ізділігі:*** Жұмыс кіріспе бөлім, қорытынды және пайдаланатын әдебиеттер тізімінен басқа негізгі бөлімнің үлкен екі тарауынан тұрады. Жұмыс қажетті әдебиеттерге сүйене отырып, ізбе-ізділікпен жазылды. Пайдаланған әдебиеттердегі зерттеушілердің айтқан пікірлері мен ғылыми тұжырымдарына сілтеме беріліп барылды.

*Ғылыми басшы:* \_\_\_\_\_ **МАМБЕТКАРИМОВ Ғ.**

*Қолы*

*Студент:* \_\_\_\_\_ **ТАҒАНОВ З.**

*Қолы*

## Кіріспе

Оқушылардың ой-өрсін дамыту, олардың өздігінен білім алып және оны толықтыру жұмысының жолдары көп. Солардың бірі оқушылармен алып барылатын -сыныптан тыс жұмыстар. 5-6-сыныптардағы «Әдебиет» пәні бойынша сыныпта жүргізілетін сабақ процесімен тәрбие жұмысын шешу мүмкін емес. Сондықтан сабаты сыныптан тыс жұмыстармен байланыстырып жүргізген дұрыс. Қазіргі кезде мектептерде әдебиет пәні бойынша әр түрлі сыныптан тыс жұмыстар жүргізіліп келеді. Мысалы, оқулықтағы сурет, картиналар бойынша сурет салу, сыныпта өтілген шығармалар бойынша өз бетінше шығарма, мазмұндама жазу, оқулықта берілген мәтін мазмұнына жақын тақырыпта шығарма жазу, өлең мазмұнын қара сөзбен мазмұндау, өз бетінше өтілген тақырыптың жоспарын жасап келу т.т.б. Сынып жоғарылаған сайын сыныптан тыс жұмыстардың да мазмұны, көлемі, аясы кеңейе түседі. Мысалы, сыныптан тыс көркем әдебиет кітаптарын оқу, әдеби үйірмелер, кештер, конференциялар, сырласу кештерін ұйымдастыру, экскурсия жасау, кино-театрға бару, теледидардан, радиодан берілетін оқу бағдарламаларын тыңдау т.б. Мектептің шығармашылық өмірінде әдебиет пәнінен ұйымдастырылар жұмыстың түрлері мұнымен ғана шектелмейді. Алайда, бұл жұмыстардың өзін балалардың жас ерекшеліктеріне қарай оқитын сыныбы жоғарылаған сайын күрделендіріп, мазмұн жағынан тереңдетіп жүргізуге болады.

Біз сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстарды орта мектептің оқушыларына қалай жүргізілу керек екенін 5-6-сынып оқулықтарында берілген сыныптан тыс материалдар негізінде қарастыруды мақсат еттік.

Сабақ мұғалім мен оқушылардың біріккен еңбегі. Сабақ жалғыз мұғалімнің ғана еңбегі емес. Сабақта оқушылар өтілген тақырыпқа

байланысты өз көргенін айтса, жазған шығармасын оқыса, тақырыпты кеңейте ұғуға қосқан үлесі болады, басқа оқушыларға қосымша білім үйреткен болады.

Сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстар оқушының тапсырылған материалды қаншама білетінін, аңғарғыштығын, білімін, сауатын, ойын баяндай білу дәрежесін, қаншалықты түйіндей алатынын байқатады, оның үстіне ең маңыздысы сол – бұл қасиеттерді дамытады, өмірдегі оқиғаларды байланыстыра білуге, солардан қажетін таңдап ала білуге үйретеді. Оқушы шығарма арқылы өз ойын жазу тілінде мазмұнды да толық, нақты да айқын, дербес те сауатты бере білуге үйретеді. Біз таңдаған тақырыбымыздың негізгі бөлімінде мәселенің осы жағына баса назар аударып зерттеуді жобаластырдық.

Сыныптан тыс алып барылатын жұмыстарда да тіл дамыту мәселесіне ерекше көңіл бөлінуі қажет. Тіл дамыту, балалардың ойын дамытумен тығыз байланысты болғандықтан, мәтін тілін меңгеру барысында бала анализ, қорытынды жасай алады, заттар мен құбылыстардың арасындағы түрлі байланыстарды бейнелей алады. Адамның дамуында, жеке басының қалыптасуында қоғамдық орта шешуші рөл атқаратындықтан баланың сөз байлығы мен сөйлеу шеберлігі көбінесе сөйлеу ортасының қандай болғандығына байланысты. Ендеше баламен сөйлесуде мұғалімдердің, ата-аналардың тіл шеберлігі, бала тіліне үлкен ілтипатпен қараушылығы орасан зор үлес атқарады. Біз жұмысымызда осы мәселелерге ерекше назар аударып, 5-6-сынып оқулықтарында берілген сыныптан тыс шығармаларды өтудің әдістемелік жағын да қарастыруды мақсат еттік.

Сөйтіп қорытынды бөлімде сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың мәні мен мақсаты сөз етуді жөн көрдік. Осы мақсатта

зерттеу жұмысымызды жоспарлап, белгіленген жоспар негізінде пікір жүргізіп, сын-зерттеу әдебиеттеріндегі сыныптан тыс жұмыстар туралы айтылған әсерлі тұжырымдарды негізгі нысана ретінде алып, 5-6-сынып оқулықтарындағы материалдарға практикалық түрде талдау жасап, әдістемелік жақтан нұсқау бермекшіміз.

Білім беру жүйесінің ажыралмас бөлегі – оқушылармен жүйелі түрде сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмысын жүргізу. Бұл жұмыстарды пән мұғалімдері, ата-аналар жүргізеді. Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың өз қалауымен, олардың белгілі бір пәнге немесе өнер түріне бейімділігін ескере отырып ұйымдастырылады. Осы мақсатта алуан түрлі үйірмелер, клубтар мен студиялар құрылады. Олардың ішінде оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде әсіресе көркемөнерпаздар үйірмелері, мәселен, хор ұжымдары, ансамбльдер, би, драма, фольклорлық оркестрлер, жеке ән айту т.б. ерекше орын алады. Жас ұрпақтарға тәлім-тәрбие беруде факультатив курстардың қызметін жандандыру да қажет. Оның мүмкіндіктерінің мол екені баршаға мәлім.

Қазақ тілі мен әдебиет пәні бойынша да сыныптан тыс оқу үшін факультатив сабақтар, әртүрлі үйірмелер ұйымдастыру мүмкін. Егер факультатив сабақтардың жалпы мақсаты мектеп оқушысының бойында қайсы бір оқу пәніне қалыптасқан қызығушылығын тереңдете түсу болса, қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша үйірме сыныптағы белгілі бір оқушылардың өз ана тіліне деген қызығушылығын арттыру үшін ұйымдастырылады. Осыған байланысты қазақ тілі мен әдебиетінің не басқа да ғылым мен өнердің белгілі бір саласындағы танымға саналы қажеттілік пайда болатын оқушылардың белгілі бір бөлігінде сапалы қажеттілік туады. Өзінің мазмұны жағынан сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың балалар мен жеткіншектерге тән мүдделері бойынша



үйірмелер және тағы басқа секілді қызмет түрлерін дамытады. Көптеген жоғары сынып оқушылары факультативтердегі өзінің сабақтарын одан әрі білім алу, кәсіпке ие болу, өз қабілеттерін жетілдіру үмітімен және жоспарларымен байланыстырып жатады. Қазір біздің мемлекетіміздің білім беру жүйесінде де жоғары сынып оқушыларын кәсіпке бағдарлау негізгі мақсат боп саналады. Ал мектеп оқушысының бойында қайсы бір оқу пәніне деген қызығушылығын байқау, сөйтіп әртүрлі үйірмелер мен факультативтік курстарға бағдарлау 5-6-сыныптарда жүйелі түрде қолға алынатын қажетті жұмыс. Жоғарыда бұл жұмыстарды пән мұғалімдері мен ата-аналар жүргізетінін атап өттік. Орта мектептерде жас өспірімдердің оқуға, өнердің әр түрлі саласына қызығушылығын байқау белгілі бір сұрақтар мен тапсырмалар беру, өз бетінше оқу үшін мәтіндер беру, оқулықта берлігіне не басқа да суреттерге байланысты оқушылардың жазбаша немесе ауызша тілін дамыту жұмыстарымен т.б. амалға асырылады. Орта мектептерде тіл дамыту, сөздік қорын кеңейту – бастауыш сыныптан бастап жүйелі жүргізілетін жұмыс. Бұл тек «Қазақ тілі», «Әдебиет» пәндерінде ғана емес, барлық сабақта пәнаралық байланыстар және сыныптан тыс жұмыстар арқылы жүзеге асырылады. Оқу жылының алғашқы аптасынан-ақ мұғалім ұйымдастыру жұмыстары кезінде әңгімелеу барысында оқушыдан қойылған сұрақтарға толық жауап беруін, сөйлемді дұрыс құрап, сөздерді анық айтуын, дұрыс ырғағын келтіре сөйлеуін талап етеді. Оқушының сөздік қорын дамытуға арналған жұмыстар осылай басталып, әрі қарай мақсатты түрде жалғастырылады.

Біз бұл жұмысымызды орта мектептерде жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстарының түрлері және олардан пайдаланудың тиімді жолдарына тоқталамыз. Олардың оқушыларды сауатты әрі саналы етіп тәрбиелеудегі атқаратын қызметтеріне түсінік береміз.

## I тарау. Сыныптан тыс жұмыстардың ұйымдастыру

### 1.1. Сыныптан тыс жұмыстардың негізгі түрлері

«Егер балалар еркін пікірлеуді үйренбесе, берілген тәлім нәтижесі пәс болуы анық», [1-39] - деген болатын бірінші Президентіміз Ислам Каримов. Шындығында да, балалардың еркін пікірлеуге үйрететін бірден-бір әдіс – сыныптан тыс алып барылатын жаттығулар, жұмыстар. Бұл оқушылардың еркін пікірлеуіне жағдай жасайды. Сыныптан тыс жұмыстардың жалпы рухын, пайдалы коэффициентін, мазмұнын еске алғанда, көрінетіні: бұлар оқушының білімін, эстетикалық және саяси ұғымын жетілдіреді. Ендеше бұл жұмыстар өз дәрежесінде болуға тиіс. Мұғалім оқушылардың сыныптан тыс оқуын жандандыра жолға қойып және өз бетімен кітап оқуын есепке алып, бақылап, басшылық жасау ісін өз дәрежесінде жүзеге асырса, мұның оқушылардың сабақ үлгіріміне де, ой-өрісінің кеңейіп, мәдени дәрежесінің артуына, тіл байлығы мен сездік қорының, ауызша-жазуша сауаттылығының арта түсуіне де пайдалы әсерін тигізері сөзсіз. Ал осы сыныптан тыс жұмыстардың қайсысы тиімді, қайсысы пайдалы осыны қарастырып көрелік:

Сыныптан тыс жұмыстардың негізгі түрлері: Оқушылардың сыныптық-сабақтағы танымдық әрекетін дамыту, толықтыру олардың қатарына: *пікір-талас; семинар; экскурсия; факультативтік сабақтар; қосымша сабақтар; конференция; өндірістік оқу; үйдегі оқу жұмысы; тәжірибелік-зертханалық (практикум); пәндік үйірме жұмыстары; олимпиада; сынақ және емтихан; өзіндік жұмыс түрлерін жатқызуға* болады. Сонымен бірге осы сыныптан тыс жұмыстарды амалға асыру үшін оны белгілі бір жүйеде ұйымдастырудың мынада формалары да бар. Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру формасы: *жекелеп оқыту, ұжымдық оқыту, жеке-ұжымдық жұмыстар, репетитор,*

*шығармашылық сабақтар, шығармашылық ай, реферат қорғау, семинарлар, пәндік апталықтар, ғылыми жоба қорғау, отбасылық оқыту, конференция, жобалар, өз бетімен білім алу, экскурсия, факультатив сабақ, алыстан білім алу (дистанциялық), пәндік үйірмелер, шеберханалар, зертханалар* т.б. енді осылардың бір қатарына тоқталып өтелік.

**Сыныптан тыс кітап оқу.** 5-11-сыныптардағы мәтіннің қалың көпшілігі үйде оқылады. Оның сыныпта дайындықпен арнайы талданатыны, мәтінді оқушыларға өздерінше оқытып, қысқа әңгімеге объекті болатындары бар. Сыныпта барлық шығармаға жан-жақты талдау жасау мүмкін болмағандықтан, осындағы екінші саланың орны көбірек болуға тиіс. «Абай жолы» сияқты романдардан бағдарламады үзінді ғана берілсе, қалған екі томын да жазда, демалыс кезінде, оқытып, оның сюжетін, мазмұнын, проблемасы мен образдарын ықшам әңгімелеуге тура келеді. Бағдарлама бойына Сұлтанмахмұттың бір романы мен бір поэмасы ғана өтілмек, «Кедей» және басқа ұсақ әңгімелері, көптеген өлеңдері онда жоқ. Ал бұлармен жүрдек таныстыру аса қажет. «Қамар сұлуды» өткенде, «Қалың малды» қосымша оқытпай тағы болмайды. Мұндай қосымша оқу Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Сәбит, Ғабит творчествосынан да табылады. Мұхтар әңгімелерін де толығырақ оқытпай болмас еді. Үйде оқытудың негізгі бір саласы осындай бағдарламалық немесе әдебиет тарихына тікелей қатысы бар шығармаларды оқытуға байланысты. Бұл — әдебиет сабағымен тығыз байланысты арна. Оны әбден ойластырып жүргізген жөн. Үйде оқудың бұдан басқа еркін тематикасы да бар. Оны 5—9 сыныптарда сынып бұрышына енгізіп, соған арналған конференция, кештер, сабақтар өткізіп жүрміз. Бұл арнаны жоғары сыныптарда кеңейте түсуге болады.

Бағдарлама мен әдебиет тарихына байланысты қосымша материалдарды сабақпен ұштастыру керек. Оны әдеби-көркем мәтін және

сындық материал деп екіге бөлеміз. Мұны оқыту үшін әрбір кітап тұсында үйге сұрақ-тапсырмалар беріледі, оқушы оқығанын көшіріп жазып, тапсырмаға сай материалдарды сұрыптап алады. Сыныпта қандай мәтіннің толық, қандайының үстірт талданатыны белгіленіп, оларды қай тұста оқытып қалудың уақытын, орнын таба білу қажет. Оқушы мәтіннің кейбір бөлімін не тұтас оқып, өзінше олардың сюжеттік жоспарын, талдамалық үзінділерін жасап келеді. Бұл үшін тапсырма өте дәл, күрделі болуға тиіс.

Еркін оқылатын кітаптар жайы бұдан біраз басқалау. Оның әдебиет тарихына тікелей қатысы жоқ. Бұл жұмысты жыл басынан қолға алып, әуелі кімнің қандай кітап оқығанын, оның қай түрі (көркем, ғылыми, фантастикалық) қызықты болғанын, кітапты қайдан алатыны, кіммен ақылдасып кітап алатыны, кітап оқуға аптасында неше сағат жұмсайтыны, кино-театрдан не ұғынғаны, олардың кітап оқуға деген қабілеті мен ынтасы анкет арқылы не әңгіме жолымен анықталады. Содан соң әр тоқсан не жыл ішінде оқылатын кітаптар тізімін белгілейді, оны әр жанрға бөліп, сыныпқа іліп қояды. Әдетте барлық оқушы бірдей кітап оқуға ынталы бола бермейді. Сол үшін әуелі кітап оқып төселгендердің мәжіліс-жарысын өткізіп, сөзін тыңдаймыз да, соларға басқа оқушыларды да баулуды тапсырамыз.

Жаңа шыққан кітаптардың тізімін, көрмесін, ұйымдастырып, кейбіреуіне аннотация жазып қоямыз. Әр тоқсан сайын үйде оқылған кітаптарға байқау кешін өткіземіз. Оқушылар арнаулы әзірлік бойынша (оны мұғалім басқарады) оқыған кітабы жайлы баяндайды, немесе кей жерін көркемдеп оқиды. Мұғалім жаңа кітаптар туралы айтып, оны оқуға ұсынады.

Оқығандарын ұмытпас үшін оларға сұрақ схемасы беріледі, ол дәптерге түсіріліп, тізімдік аннотация жасалады. Схема: а) кітаптың

авторы мен аты, ә) қысқаша мазмұны, б) ұнаған жері, кейіпкері, оқиғасы, афоризмі, ойы, суреттеу тәсілдері т. б. Дәптер әркімнің өзінде болады. Әр оқушыға есеп бетін ашу керек. Мұны оларды міндеттеу үшін емес, қызықтыру, ынталандыру жолымен жүргіземіз. Кейде жаңа кітаптың мазмұнын не оқиғасын мұғалім өзі айтып, оны оқытуға ынта тудырады.

Оқушыларға ой салатын сұрақтар қоюға болады. Мысалы, пәлен шығарманың аты неге олай қойылған? «Адасқан өмір», «Қалың мал», «Шұғаның белгісі», «Қараш-қараш оқиғасын» қалай түсінеміз? Басқаша қалай атаса болар еді? Кітаптың аты мен тақырыбы арасында айырмашылық бар ма? деген сияқты. Мұны образдарға да қолданамыз. Кейде шығарманың шешуін бұрын берсе, оның желісі қалай болар еді? деуге болады. Бұл оларды ойландырады, ізденуге баулиды.

Тоқсандық конференциялар көп жайда ылғи мазмұндау не баяндамаға құрылып, іш пыстырып жүр. Конференцияны көбіне көлемді шығармаға құрып, онда шығарма мазмұнын бір-екі оқушыға айтқызып, енді бір-екеуіне образдарын мінездетіп, өзгесін мәнерлеп не рольге бөліп оқу, инсценировкаға арнау керек. Оқушылар өздері жазған өлеңдерін оқыса да артық емес. Мұндай конференцияларға еңбек озаттары мен жазушыларды қатыстырудың зияны жоқ. Сөйтіп, конференция әдеби кеш түрінде өтуге тиіс. Оған дайындық керек. Ал кішігірім кітапшаларды сабақ арасында әңгімелеп, онында кейбір жерін мәнерлеп оқытамыз не талдау элементін қосамыз.

Қаладағы не мектептегі, не оқушылардың үйіндегі кітапханадан пайдалану жолдарын мұқият ұйымдастыру керек. Дем алыс кездерінде арнаулы тапсырмалар беріледі. Оны жыл басында қорытамыз. Кітап оқушылардың конференциясы жыл аяғында «Кітап мейрамы» ретінде қызықты өтуге тиіс. Онда жыл ішіндегі жақсы нөмірлер мен жаңа

материал көрсетіліп, алдағы міндет әңгімеленеді. Әрине, не болса соны оқыта беруге болмайды.

Білім беру жүйесінің ажыралмас бөлегі – оқушылармен жүйелі түрде сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмысын жүргізу. Бұл жұмыстарды пән мұғалімдері, ата-аналар жүргізеді. Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың өз қалауымен, олардың белгілі бір пәнге немесе өнер түріне бейімділігін ескере отырып ұйымдастырылады. Сондықтан біз жоғарыда келтіріген сыныптан тыс жүргізілетін жұмыс түрлерін оқушылардың жа өзгешелігіне қарай мақсатты пайдаланған жөн.

## 1.2. Үйірме және олардың түрлері

Оқушыға эстетикалық тәрбие, творчестволық білім беретін аса маңызды жұмыстың бірі — үйірмелер. Бұлар: ән-күй, әдеби-творчестволық, драмалық, мәнерлеп оқу, жеке авторлық, өлке тану болып келеді. Мұнда оқушылар мұғалімнің немесе практиканттардың басшылығымен жұмыс істеп, әдеби шығарманың кейбір көркемдік тәсілдері мен творчество процесінің сырына жетеді, оны талдауға машықтанады.

**а) Сабаққа қатысы бары — әдеби творчестволық үйірме.** Оны әдеби дейтін себебіміз мұнда бір автордың сыныпта өтілмеген басқа шығармаларын оқып, талдауға, түйіндеуге болады. Мысалы, Мұқановтың бірде-бір поэмасы бағдарламаға енбеген. Торайғыровтың, Майлиннің, Жансүгіровтің, Әуезовтің, Сейфуллиннің, Мүсіреповтің де бірқатар шығармасы бағдарламада жоқ. Сол авторларды өткен кезде, олардың басқа шығармаларын үйде оқытып, үйірмеде талдауға, әңгімелеуге болады. Бұл — сыныптық талдауларға ұқсас. Кейде сабақтың ізімен мұны жеке авторға құрылған үйірме деп атауға да болады. Жұмыс желісі — бір шығарманы барлық балаға бөліп беріп бірлесіп талдау, екіншіден, бірер оқушыға баяндама жасатып, өзгесін сөйлету. Соңғы әдіс қызықсыздау болатындықтан, мұны да көркем оқу, инсценировка, декламация, әнге қосу элементтерімен түрлендіреміз.

Бұл үйірмелерді творчестволық дейтін себебіміз: оқушылар өлеңнің құрылысын, әңгіменің композициясын, образдау құралдарын шығарма табиғатына жақын келіп меңгереді және сол негізде өздері де өлең, әңгіме жазып үйренеді, жазғандарын оқиды. Оған пікір айтылады. Әдеби-творчестволық үйірмені бірлестіру — жұмыстың әр алуан қызықты, бай болуын көздейді. Кей жерде творчестволық үйірмелер жұмысты бөлек-

бөлек істеп жүр. Бірақ оның қатысушылары көп болмайды, ал екі түрлі жұмыс бірлессе, оның мүшелері көбірек болады (азы — он, көбі — отыз). Методистер мұны параллель сыныптарға құру қажет дейді. Сөйтіп, мұнда білім алу мен өнер табу ұштасқан.

Өлең, әңгіме жаздыруды бірден тапсыруға болмайды. Әуелі қысқа бір әңгіменің композициясы, олардың қызметі, тілдік құралдары, олардың образдық сыры (эпитет, теңеу, метафора) анықталады да, соған ұқсас жаңа бір сюжет — оқиға табу не өткір тақырып ұсынып («Арпалыс», «Құтқару», «Ерлік», «Өрт», «Отарда», «Шабуыл»), соның басын не аяғын мұғалім көрсетіп, өзге жерін оқушылар өздігінше жазып, тартыс, сюжет, образ тоқиды.

«Жаз күні еді. Күн ыстық. Егін енді бой алған. Алыстағы белдер жасыл шөпке оранған. Аспанда алағат бұлт пайда болды. Сәлден соң алыстағы егіндік жақтан бұрқ етіп өрт шықты...» деген бастаманы мұғалім көрсетсе, оқушылар сол өртті сөндіруге кеңшар бастығының (не орынбасарының) жұртты қалай тез жиғаны, жұрттың өртті тез өшіріп, егінді аман алып қалуын қосымшалап баяндап, аяқтайды. Немесе оқиғаның аяғын айтып, басын өздеріне тапқызады. Келесі үйірмеде тағы бір неше әңгіме талқыланады. «Қасқырмен алысқан қойшы», «Әскери тапсырмасымен жау тылынан өткен барлаушы», «Суға кеткен баланы құтқару» сияқты тақырыптарды да жоғарыдағыдай үйретеміз. Ал өлең өлшеуін, ұйқасын, тармағын, шумағын арнайы талдап, салыстырып, өздеріне сондай өлшеумен өлең жаздырамыз (қара өлең, оның жұп, тақ буынға бітетіні). Өлеңнің кейбір түрін төменгі сыныптарда викторина әдісімен танытамыз. Сонда ережесі де ұғымды болады. Бұдан ары олар очерк, әңгіме жазуды (тақырыпқа сюжет табу, өлеңді мазмұнға құру сияқты) игеретін болады.



**ә) Өлке тану үйірмесі.** Облыс, ауыл жағдайында әдеби мазмұнға құрылған өлке тану үйірмелерінің де мәні бар. Облыс, аудан өлке немесе республиканың экономикасын, тарихын, кен байлығын, географиясын зерттейтін өлке тану бар да, жергілікті елдің фольклорын, әндерін жинайтын, сол жерден шыққан жазушы, әртіс, қоғам қайраткері, тарихи адамдардың ісін, өмірін, оның әдебиеттегі көрінісін зерттейтін әдеби өлке тану бар. Мысалы, ауыз әдебиетінің үлгісін (ертегі, эпос, мақал, жұмбақ, айтыс) жинау; ақын, импровизаторлардың өмірбаянын жазып алу, оны өлке тану альманағына шығару; жазушымен кездесу, конференция өткізу, кейбір материалды жергілікті үнқағаз бетінде жариялау, ғылыми жаңалығы барларын Академияға жіберу, мәнерлеп оқу сияқты нәрселер, кейде еңбек озатын суреттейтін шығарманы да осы үйірмеде талдаймыз. Мұны да жалаң баяндамаға құруға болмайды, әдеби кеш элементімен байытамыз.

**б) Драма үйірмесі.** Бұл үйірмесі де оқушыларға өте қажет. Бұл үйірме жұмысы, бір жағынан, әдебиет тарихына байланысты да, оқушылардың әдеби-теориялық білімін тереңдетеді. Екінші жағынан, сөйлеу және әртістік дикцияны меңгеруге, диалогтарды кейіпкер характеріне еліктеп айтуға, мәнерлеп оқуға жәрдемдеседі, үшіншіден, ересек оқушылардың өздігінше драмалық формада қысқа күлдіргі әңгіме жазып үйренуіне көмектеседі. Драма үйірмесінің бұдан басқа қоғамдық қызметі де бар. Жоғары сынып оқушылары кеңшар клубында, мектепте ойын көрсетіп, өмірге қатысады, олардың әртістік қабілетін жетілдіреді. Жұрттың бәрі зерттеуші, ақын емес, басқа дарындарға да икем болады. Сол икемділікті дер кезінде танып, жетілдіру, жастарға алуан қырлы өнер үйрету — эстетикалық тәрбие берудің бір шарты. Драма үйірмесінің мүшелері

барлық сыныптан тартылады, қатысушылар саны 10—25 адам шамасында болса жетеді.

Репертуарға қысқа, бірақ тәрбиелік, көркемдік маңызы бар драмалық шығармалар талғанып алынады. Бұл сала қазақ әдебиетінен көбірек табылады. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш, Баян сұлу», «Аманкелді», Әуезовтің «Түнгі сарын», «Абай», Әбішевтің «Махаббат пен достық», Тәжібаевтың «Жалғыз ағаш орман емес» пьесаларынан үзінді ойналуы мүмкін. Үзінділерді мұғалім оқушылармен бірлесіп шешеді.

Кейіпкерге, еліктеп оқуға мысал өлең, Майлиннің «Ыбыраймыз, Ыбыраймын», Шолпан Иманбаеваның «Жолаушы мен жұмыскері» т. б. жазушылардың драмалық диалогпен жазылған өлеңдері ыңғайлы. Мысалы, Дөнентаевтың «Боз торғайын», Крыловтың «Қарға мен түлкі» мысалын инсценировкалау үшін автор сөзін біреуі, түлкі мен қарға рөлін басқалары атқарады.

Инсценировкаканы өмір талабына бейімдеу үшін жоғарыда аталған ақын, жазушылардың дін иелерін әжуалайтын өлеңдері мен кейбір әңгімелеріне қызық монтаж құруға болады. Онда өлеңнің не әңгіменің әр жерінен үзінді алынады, арасын автор рөліндегі біреу баяндап, жалғап тұрады, ал диалогын (оқиғаның жанды жерін) оқушылар рөлмен орындайды.

Декламация айтқызу мәнерлеп оқу мен драмалық репертуардың елеулі бір буыны болуға тиісі Абайдың «Болыс болдым мінеки», Торайғыровтың «Бір адамғасы», Бейімбеттің мінезді сынайтын көптеген өлеңдері, Жамбылдың «Алғайдайға» т. б. өлеңдері декламацияға өте ыңғайлы. Мұнда жаттау мен мәнерлеп оқуға дағдыландыру да, қоғамдық-тәрбиелік мән де бар. Бұл — үйірме репертуарын өмірмен байланыстырудың басты бір шарты. Қалада оқушыларды театрға апарып, әртіс дикциясын, олардың адам характерін қалай беретінін талдаймыз. Үлкен драмаларды көрсетудің

әрі сабақтық, әрі эстетикалық мәні бар. Әрине, драмалық жұмысты жай машық деп алмай, оған әдеби-теориялық арқау беру қажет. Сол тұста көрініс, перде, диалог, тартыс, сюжет, тіл, образ, тақырып, идея, драманың түрлері жайында оқушыларға жаңа білім береміз.

**в) Ән-күй үйірмесі.** Көптеген мектептерде мұны драма үйірмесімен біріктіріп жіберген. Дұрысында, бұлардың өз мәні бар. Ауылда тек ән-күй үйірмесі ғана бар. Оның да міндеті не домбыра тарту, не ән үйрену болып жүр. Ал қалада бұл үйірме радио арқылы концерт беріп, репертуарын да, жұмысын да өмірмен кеңірек ұштастыра бастаған. Әрине, барлық мектеп радио арқылы концерт бере алмайды. Сондықтан оның жұмысын көбіне әдеби-эстетикалық тәрбиелік арнаға қойған жөн.

Мұның білімдік жағы неде? Ақанды, Біржанды, Абайды өткенде, бұлардың композиторлық мектебін, оның халық әндері және орыс музыкасымен байланысын өзінше, тарихи желі де танытамыз. Ән — музыка тарихы мектепте өтілмейді, сол олқыны үйірме арқылы толықтыруға болады. Бұл үшін әрбір композиторға (Құрманғазы, Ақан, Абай, Жансүгіров т.б.) кеш арнап, өмірін, ісін баяндап, үнқағаз шығарып, ақырында олардың ән-күйлерін түгел орындатамыз. Соңынан қорытамыз. Бұл үшін әрбір ән-күй үйірмесіне жылдық міндет артып, оқушылардың көп нәрсені зерттеуіне, орындап үйренуіне баса көңіл бөлеміз. Олар белгілі бір мерзімге белгіленуі керек. Әуелі мектепте тыңдалып, содан соң көпке жеткізіледі. Солардың күшін, өнерін қоса пайдаланамыз. Жергілікті жердегі домбырашылардың өнерін зерттеп, жазуға түсіріп, оларға өзінше кеш ұйымдастырамыз. Сонда мұның бәрі ән-күй, оны орындайтын аспаптар тарихын білуге көмектеседі.

Ән-күй үйірмесінің эстетикалық мәні неде? Ол, бір жағынан, оқушылардың домбыра ғана емес, мандолина, пианино, скрипка,

балалайка, үрмелі оркестр, нота үйренуіне жол ашады. Жалғыз домбыра үйірмесі жетімсіз. Жастар мектеп қабырғасында нота үйреніп, музыка аспаптарының бәрімен де таныс, істес болуға тиіс. Бұл үшін әр мектепте нота үйретуші мұғалім, түрлі музыка аспаптарын алу керек. Нота білген бала Тілендиевтің, Бейсеуовтың, Бетховеннің т. б. көрнекті композиторлар мен түрлі ұлт музыкасының табысымен танысып, істес болмақ. Ән-күй мұғалімдерінің жұмысын осы міндеттерге бейімдеу, байыту қажет. Тек ән үйрену жетімсіз. Әрбір әннің тарихы мен қоғамдық мәні де танытылуға тиіс. Сонда ән-күй үйірмесі, біріншіден, талант иелерін тудыруға қызмет етсе, екіншіден, эстетикалық тәрбиелік қызмет атқарады. Ән-күй үйірмесі радиодан ғана емес, мейрамдарда не әр тоқсанда, дем алысты пайдаланып, - жұртшылыққа концерт беріп отыруға тиіс. Үйірменің керекті аспаптары жеке бөлмесі болғаны жөн.

**Мектеп үнқағазы мен журналы.** Оқушыларға мақала, өлең, очерк, шарж, аннотация жаздырып үйретуде мектеп үнқағазының мәні зор. Мектепте әр түрлі үнқағаздар шығып тұрады (жалпы мектеп, сынып, әдеби үйірмелер үнқағазы, Наурыз т.б. мейрамдарға арналған үнқағаздар, монтаждар). Үздіксіз шығатыны — мектеп үнқағазы. Әдеби үйірме үнқағазы «Жас қалам» деп аталып, онда көбіне көркем әңгіме, өлең, очерктер басылып жүр. Ал журнал тіпті кем шығады. Мектеп өмірін оқушылардың тәртібін, оқуын толығырақ көрсетіп, түрлі оқиғаларға үн қосатыны — жалпы мектеп үнқағазы.

Қай үнқағазға болса да мұғалімнің басшылығы, жәрдемі керек. Ол жәрдем мақала, хабар, аннотация, әңгіме жаздыруға да, үнқағаздың техникасы мен тілдік-емлелік сауатын көтеру үшін де керек.

Әдебиет пәнінің мұғалімдері оқушыларды мақала, жақсы мен жаманды әңгімелейтін алуан түрлі хабар жаздырып үйретуге,

редакциялауға баулиды. Басмақала саяси оқиғаға немесе мектептегі үлкен бір мәселеге арналады. Хабар сынып, ұйым, үйірме өмірін, жеке оқушылардың тәртібі мен оқуын, ісін баяндайды. Мақала болсын, қысқа хабар болсын кіріспесі, дәлелдеуші бөлімі, қорытындысы болады. Дәлелдеуші белімнің материалы бірнеше буынға бөлінеді. Оның да жоспары болуы керек. Үйге белгілі бір тақырыпқа, материалы мен жоспарын ұсына отырып, хабар жаздырып, оны сыныпта талдап, оқушыларға нақтылы жол көрсетеміз. Хабар тырнаушы, дөкір болмай, тәрбиелеуші, дем беруші, жылы пейілде жазылуға тиіс. Әуелі оқушының жақсы істері, мінезі айтылып, содан соң кейбір оғаш қылықтары, жіберген кемшілігі, содан құтылудың жолы, бұл жөніндегі сынып жұртшылығының міндеті айтылады. Достық, мектепті қадірлеу, интернационалдық сезім, Отанды сүю—характер жасаудың, тәрбиелеудің басты шарттары. Оқушы мәдениеті әдептілік, алуан қырлы өнермен айналысушылық элементін үздіксіз көріп, көпке тарата білу керек. Орталық жастар үнқағазында поезды күйреуден, жас баланы өрттен, судан құтқарған хабарлар болса, мұны көшіріп (қысқартып) басамыз. Үнқағазда кеңшар, өндіріс өмірі, сембіліктерге қатысу, оқушы режимі де әңгімеленеді. Жаңа кітап жайлы сөз болады. Үнқағаз тілі байыпты, көркем, мәдениетті болуға тиіс те, осыған оқушыларды үйрету керек.

Мұнымен бірге жылында бір рет болса да, журнал шығарып отыру қажет. Мұнда жыл ішіндегі жақсы баға алған әңгіме мен өлеңдер, очерктер мен фельетондар басылады немесе оны еңбек пен оқудың байланысына арнаймыз. Ауыз әдебиетінен көп материал жиналған болса, соған арналған да журнал болуы мүмкін. Үздік оқушылардың суреті мен істері де сол журналда көрсетіледі. Майлин өзінің «Шұғаның белгісі» деген повесін әуелі оқу орнында шығатын «Садақ» журналында жариялаған. Мұндай

таланттар жастардан шығады. Кейде өндіріс басқармаларының үнқағазын пайдалануға болады. «Балдырған», «Ақжелкен» журналдары мен «Егеменді Қазақстан» үнқағаздарына оқушылардың хабары мен өлең, әңгімелерін ұсынып отыруымыз орынды.

Оқушылардың республикалық, орталық жастар үнқағаздарын үзбей оқып отыруларын бақылау керек. Кімнің нені ұнататынын біліп, кейбір қызық әңгімелерді талдаймыз, байқап, бағыттап отырамыз.

Қысқасы, үнқағазбен жұмыс істету — оқушыға білім, тәрбие берудің қызықты бір түрі.

**Әдеби кеш және көрме.** Әдеби кештер үлкен жазушылардың композиторлардың өмірі мен творчествосына арналады. Сонымен бірге оны кеңшар, өндіріс озаттарымен, жазушылармен кездесу тақырыбына да құруға болады. Кештің бағдарламасын жақсылап ойластырып, онда барлық үйірмелердің ісін көрсетуге талаптанған жөн. Басында 15—20 минуттік баяндама, естелік, аяғында көркем оқу, инсценировка, концерт нөмірлері немесе композиторлардың әндерін ойнап көрсету, би, ойын болады.

Әдеби кешке әдеби көрме берген жөн. Мұның бір түрі өмірбаянға, екінші түрі оның творчествосына құрылады, кейде осы екі арна ұштасады. Енді бірде «Қазақ композиторлары», «Қазақ жазушылары», «Жер жүзі эпосы» деген сияқты көрмелер ұйымдастыруға болады. Бұл бірде әдебиет сабағынан, бірде олардың өздігінше оқу тәжірибесінен туады да, оқушыларға білім береді. Өндіріс озаттары жайынан да көрме ұйымдастырғай жөн.

Көрме баннер түрінде болады да, онда өмірбаян, схемалық карталар, оның тарихи оқиғаларға қатысы, заманы, қолжазбасы мен еңбектері, саяхаты, шығармаларының тізімі, ондағы суреттер, жазушының ұстаздары мен достарының суреттері беріледі. Сурет астында үзінді болады.

Музыкант болса, оның әндерінің тарихы, тізімі, ноталары көрсетіледі.

Әрбір әдеби кеш пен көрмеге мұқият әзірленіп, көрушілерге комментария беріп, қызықтырамыз. Көрме — өлі материал емес, пропаганданың бір түрі.

**Әдеби экскурсиялар.** Бұл көбіне әдеби музейге бару, жазушының туған-өскен жерін, үйін, ескерткішін көру, түрінде жүргізіледі. Енді бірде автор заманын, тұрмыстық-этнографиялық жағдайларды анықтау мақсатын көздейді. Бұл материалды тарихи музейден табуға болады. Бізде әр түрлі музейлері бар.

Экскурсияны жеке шығарманы талдау немесе кіріспе сөзге лайықтап, оған арнаулы объект, мақсат қоямыз. Бірі талдауға, екіншісі лекцияға қызмет етеді. Оқушылар әрбір объектіні бөліп алып, мәлімдеме жасайды, оны талқылаймыз.

Экскурсияның бір түрі — сурет галереясына бару. Бұл оқушыларды сурет өнерінің жайымен таныстыру, белгілі бір автор заманындағы сурет өнерін әдебиет тарихымен ұштастыру немесе қандай суретшінің автордың қалай көрсеткенін анықтауға құрылады.

**Театр мен киноға апару.** Алдымен театр мен кино өнері жайлы түсінік беріп, оның тарихын әңгімелейміз. Әртістердің ойнын көрсетіп талдаудың біз үшін мәні зор. Біріншіден, оқушылар әртістердің сөйлеу дикциясын, қимылын, өнерін көріп, мұны көркем оқуға үлгі етеді. Екіншіден, қай әртістің қай образды қалай танытқанын байқайды. Мысалы, «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» драмасындағы Қодар образын бір театр тоқтасқан жаста көрсетсе, біреулер жас батыр қып көрсетеді. Бұл ой салады және мәтінге үңіліп, бұл жайды анықтауға мәжбүр етеді. Қодардың тоқтасқан жаста берілуі шындыққа жақын. Баян мен Қозының ролін көрсеткенде, біреулер

заман, мәтін табиғатынан ауытқып, оларды ширақ, бүгінгі адамға тән қимыл, характер бейнесінде танытады.

Немесе олардың киімінде натуралистік кескіндер болады. Бұларды байқату, не жақсы, не ұнамайды деген пікір элементін тудыру қажет. Сөйтіп, тыңдау, көру, пайымдау бір элемент болмақ. Сыныпта өтілетін пьесалардың бәрін де мүмкіндігі бар жерде сахнадан көрсету керек.

Театрға баруды әсіресе тыңдау, әртіс сөзінің сырын, дикциясын игеру мақсатада пайдаланған жөн. Көптеген мұғалім мәнерлеп оқудың үлгісін көрсете алмайды. Осы тұста ол театрдан көп жәрдем алады. Опера театрына барғанда, сыныппен бірге ән үйірмесінің мүшелері де қамтылсын.

Театрға барудың мақсаты күні бұрын белгіленіп, біріне образ, екіншісіне сөйлеу дикциясы, ән ырғағы, үшіншісіне сахна көрінісін бақылау тапсырылады. Пьеса оқушыға тосын болса, алдын ала түсінік беріледі. Пьесаны талдау- екінші басты элемент. Ол сыныпқа келген соң, оқушылардың қатысымен, әңгіме түрінде жүргізіледі. Қорытындыда образдың берілу шындығы, характердің қандай жағы басым алынғаны, шығарма идеясының қалай берілгені айтылады.

Ауылға барған әртістер кейбір пьесаны қысқартып ойнайды. Мұны инсценировка дейміз. Осының техникасын айрықша байқатамыз. Ол - оқушылардың өздерінің инсценировка жасауына өте қажет. Бұл тұста әртістермен танысу, әңгімелесу, бәлки, қорытынды әңгімені солардың қатысымен жүргізудің де зияны жоқ. Сонда пікірлері анықтала түседі.

Киноға апарғанда да оның өзгешелігін, тарихын, репертуарын танытамыз. Ол — көпшілікке ең жақын өнердің бір түрі. Ол — сурет пен сөз монтажына құрылады. Бұл ерекшелікті аңғарту, таныту қажет. Ол үшін кино көруді кейбір сценарийдің мәтінін талдаумен ұштастырамыз.



Кейде әдебиет пәніне қатысы бар картинаға барғанда, оны да, пьеса сияқты талдаймыз.

Сыныптан тыс жұмыстардың жалпы рухын, мазмұнын еске алғанда, көрінетіні: бұлар оқушының білімін, эстетикалық және саяси ұғымын жетілдіреді. Ендеше бұл жұмыстар өз дәрежесінде болуға тиіс.

## **II тарау. 5-6-сыныптарда сыныптан тыс жұмыстарды ауызша және жазбаша дамытудың маңызы**

### **2.1. Сыныптан тыс жұмыстарды ауызша дамытудың тиімділігі**

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстарының мақсаты – оқушыларға әдеби тілімізді меңгертуге, оның кыры мен сырын үйретуге бағытталады. Бастауыш сыныпты бітірген оқушы байланыстырып сөйлеудің қарапайым түрлерін толық меңгеруі тиіс. Оқыған тақырыпты сұрақ бойынша мазмұндап айтып беру жеткіліксіз, оқушы өз ойын байланыстырып, әңгімелеп үйренуі тиіс. Әрбір оқушы ойын басқаға тіліміздегі бар сөздер мен олардың тіркесі арқылы баяндайды. Оқушы сөзінің басқаларға түсінікті болуы тіліміздегі сөздерді орнымен қолдана білуіне байланысты. Ал ол ойлау нәтижесінен туатын процесс. Дұрыс ойлай білмейтін оқушының сөзі тыңдаушысын қызықтырмайды. «Ана тілі» мен «Оқу» сабақтары бір-бірімен көп ретте мақсаттас. Тіл дамыту жұмыстарына байланысты ол сабақтарда жүргізілетін жаттығуларда да ұқсастықтар аз емес. Алайда олардың бірінің функциясын екіншісімен ауыстыруға болмайды. Егер «Ана тілі» сабақтарында тіл дамыту жаттығулары арнаулы тілдік категорияларды дұрыс қолдануға үйрету мақсаты көлемінде жүргізілсе, ал «Оқу» сабақтарында жасау қызметін атқарып тұратындығын, олардың шығарманың қай құрамында жұмсалып тұратындығын таныту мақсатына қарай икемдесе жүргізіледі. Сондай-ақ, «Ана тілі» сабақтарында да, «Оқуда» детальдік жаттығулар ауызша және жазбаша орындалады. Бірінде жаттығу арқылы оқушылардың ауыз екі тіл мәдениеті қалыптасса, екіншісінде олар әдеби тілдің нормасын, жазу мәдениетіне, сауаттылыққа үйренеді. Бірақ бұлар да бір-бірімен өзектес, мақсаттас. Олардың арасындағы айырмашылық, сайып келгенде, бірінің көп ойланбай ауызша

айтылатындығында, екіншісінің ойланып, толғанып барып жазылатындығында. Міне, осы жұмыстар 5-6-сыныптарда онан әрі жан-жақты дауам еттіріледі.

Сыныптан тыс алып барылатын жұмыстарда да тіл дамыту мәселесіне ерекше көңіл бөлінуі қажет. Тіл дамыту, балалардың ойын дамытумен тығыз байланысты болғандықтан, тілді меңгеру барысында бала анализ, қорытынды жасай алады, заттар мен құбылыстардың арасындағы түрлі байланыстарды бейнелей алады. Адамның дамуында, жеке басының қалыптасуында қоғамдық орта шешуші рөл атқаратындықтан баланың сөз байлығы мен сөйлеу шеберлігі көбінесе сөйлеу ортасының қандай болғандығына байланысты. Ендеше баламен сөйлесуде мұғалімдердің, ата-аналардың тіл шеберлігі, бала тіліне үлкен ілтипатпен қараушылығы орасан зор үлес атқарады.

Сөйлеу арқылы бала тек басқа адамдармен қарым-қатнас жасап қана қоймайды, сонымен бірге дүниені де таниды. Сөйлеуді меңгеру – шындықты меңгеру тәсілі. Олай болса баланың сөз байлығы оның түрлі елестерімен, ұғымына, өмір тәжірибесіне байланысты. Ендеше сөйлеуге үйрену барысында бала тек қана тілдік материалға мұқтаж болмайды, сонымен қатар негізгі материалдың да қажеттілігі күшейеді. Керісінше, тілі неғұрлым бай болса, адамның табиғат пен қоғамдағы күрделі байланыстарды дұрыс тану мүмкіндігі де соғұрлым мол болады. Ал тілі жақсы дамыған бала ойын да дәл, шебер жеткізеді, оқуды да ойдағыдай меңгереді.

Тілді балалар үлкендермен қарым-қатнас жасау барысында, сөйлеу әрекеті процесінде меңгереді дедік. Бірақ олардың тілді дұрыс меңгеруі үшін – алдымен әдеби тілді меңгеруі қажет. Әдеби тілді жай тілден, диалектіден айыра білу бала тілін дамытуға қойылатын талаптың бірі

болып табылады. Бастауыш сыныптардан бастап балалар әдеби тілге, оның көркем, ғылыми және сөйлеу тілі материалдары ретінде жүйелі үйретіледі. Мысалы, оқушы ауызша сөйлегенде сөзін бүкіл оқушыларға арнайды. Тұтқиылдан ойына сөз түспей қалып, бет пішінін өзгерту, қолын сермеп қалу арқылы да айтайын деген ойын тыңдаушысына жеткізбек болса, жазу жұмысында олардың кең ойлап, көп толғануына толық мүмкіндік болады. Мұнда жұрт алдында қысылу-қымтырыну болмайды, оқушы мейлінше еркін ойлауға мүмкіншілік алады. Мұны оқушы кейін өз бетінше жұмыс жүргізгенде, яғни сыныптан тыс тапсырмаларды орындауда өзінің пайдасына жаратады.

Орта мектеп оқушыларын мәдениетті, сауатты етіп тәрбиелеуде олардың сөйлеу тілін де, жазба тілін де дамытудың мәні зор. Осындай әрі жауапты, әрі жауапты, игілікті істің барлық қиыншылығы, оқушылардың ауызша және жазбаша сауаттылығын арттыру жұмысы мектептегі «Қазақ тілі» және «Әдебиет» сабағының міндеті.

**Әдеби кітап – оқушының серігі.** Оқушылардың сабақ процесінде алған білімі сыныптан тыс оқу арқылы нығайтылмаса, сыңар жақты болады. Кітап оқуға үйрету ісі оқушыға білім берумен тікелей ұштасады. Бұл — оқушыны өздігінен білім алуға, өзін-өзі тәрбиелеуге, жақсы өнеге алуға баулу деген сөз.

Бұл жұмыста педагогикалық ұжымның, жеке пән мұғалімінің, кітапхананың, сынып жетекшісінің тәжірибесі, іскерлігі, ұйымдастыру қабілеті — бәрі бір арнаға тоғысуы қажет. Әдебиет пәні мұғалімдерінде сыныптан тыс оқудың нақты, жүйелі жоспары болуы керек. Оқу жылының басында әрбір оқушыға сыныптан тыс оқуға тиісті шығармалардың тізімі беріледі. 5-6-сынып оқушылары — оқырмандар құрамындағы белсенді топтардың бірі. Оларға сыныптан тыс оқудың тізімін беріп қоюмен

шектелмей, кітап оқуын күнбе-күн жүйелі бақылап, зерттеп отырудың негізінде әрқайсысының кітап оқуға ынтасы қандай, қандай тақырыпқа жазылған шығармаларды ұнатады, оқығаннан кейінгі қабылдау шамасы, түсінігі, дайындығы қандай, алған әсері қандай болды, т. б. мәселелерді анықтау мақсатында әр демалыстан мектепке қайтып оралғаннан кейін әңгіме, талдау, пікір алысу өткізу арқылы біліп алуға болады. Әр оқушының сыныптан тыс оқуын тіркейтін арнайы журнал ашып, қадағалау қажет.

Әдебиет кабинетіндегі «Кластан тыс оқу» бұрышына кітапханаға жаңадан түскен кітаптар тізімін жасап, «Кітапхана жаңалықтары», «Баспа базарлығы» деген атпен хабаршы плакаттар шығарып, іліп отыруға болады. Қызықтыру мақсатында мұндай плакаттарда әлгі кітап мұқабаларының суреттері берілсе тіпті жақсы. Әсіресе төменгі сынып оқушылары осы суреттерге қызығып, бұл кітаптарды тезірек алып оқуға тырысады. Кейде мұғалім мен кітапханашы бірлесіп, кітап жаңалықтарының көрмесін ұйымдастырып, жаңа кітаптарға шолу жасауларына болады. Көркем әдебиетке оқушылардың құштарлығын арттыру мақсатында жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстың ең бастысы — әдебиет апталығы, әдеби кеш, кітап оқырмандары конференциясы. Апталықты белгілі бір тақырып төңірегінде де өткізуге болады. Биылғы оқу жылында әдебиет апталығы Абай поэзиясына арналса мақсатқа сай болар еді. Себебі биыл Президентіміз Ш.Мирзияев Абай шығармаларын Өзбекстанда үгіт-насихаттау туралықаулы шығарды (2018 жыл 13-мартта). Апталық күндері ұлы классик ақын Абай творчествосына, Абайдың ұлылығын танытушы Мұхтар Әуезов творчествосына арналған әдеби хабарлар мектеп радио торабынан берілсе, «Абайдың табиғат лирикасы», «Өлең — сөздің патшасы» деген тақырыптарда ертеңгіліктер, Абай

әндерін орындаудан, өлеңдерін мәнерлеп оқудан конкурс өткеріп, апталық «Абай — ұлы ойшыл, классик ақын» деген әдеби-музыкалық композициялы кешпен қорытындыланса өте орынды болар еді. Кеш ақын өлеңдері бойынша әзірленген әдеби-музыкалық театрланған көрініспен өткерілсе, кештің соңы Абай әндеріне ұласып, өнерпаз оқушылар, ұстаздар Абай әндерін нақышына келтіре орындауы да мүмкін. Мұндай әдеби-творчестволық кештерді, конференцияларды жиі өткізіп, сабақта өткен материалды сыныптан тыс жұмыстармен тығыз байланыстыру балалардың әдебиетке, өнерге қызығуын арттырады, бос уақытын пайдалы өткізуге көмектеседі.

Ақиқатында да білімнің терең көзі — кітап. Кітап — барлық замандағы барлық адам баласының ғажайып білім қазынасының қоймасы! Білімнің зары өтіп жүріп, кітап оқу арқылы көзі ашылып, дүние таныған, сол арқылы адамға қызмет етудің асыл жолын тапқан Ұлы Горький: «Мен өз бойымдағы барлық жақсылығым үшін алдымен кітапқа борыштымын», — дейді.

Әлемге әйгілі ағылшын физигі Фарадей бала кезінде кедейліктен оқи алмай, тырбанып жұмыс істеп, кітап түптеп күн көріп, өсе келе кітап оқуға құнығып, өз бетімен оқып білім алып, әлемге әйгілі ғалым болған.

Орыстың ұлы ғалымы М. Ломоносов та жас шағында оқуға шамасы келмей, әбден ересек болған соң оқыған, өз бетімен кітапты көп оқу арқылы жетіліп, дүние жүзіне белгілі ғалым болған. Бұндай мысалдар көп-ақ.

Қазақтың ұлы ағартушылары мен озық ойлы ақын азаматтары жастарды оқуға, білім алуға шақырған өлеңдерін біздердің кез келгеніміз жатқа білеміз. Кітапқа деген оқушылар сүйіспеншілігін арттыру мақсатында «Әдеби кітап — досың» деген тақырыпта тәрбие сағатын

өткізуге болады. Ақын-жазушылар мен ағартушы-демократтардың оқып, білім алуға шақырған өлеңдерінен үзінділер, халықтың мақал-мәтелдері ірі етіп жазылып, көрнекі жерге қыстырылады.

Кітапханамен байланысы жақсы, әдеби кітапты сүйіп, түсініп оқитын оқушылардың есімдері аталып, басқаларға үлгі етілді. Ол оқушылардың тіл байлығы, сөздік қоры мол, әдебиет пәндерінен өте жақсы үлгіреді, өлең сөзді, прозаны мәнерлеп, жақсы оқитыны айтылып марапаттауға болады.

Бұл тақырыпта баяндаманы мұғалімнің өзі жасап, нақты мысалдарды сынып оқушыларының кітап оқу белсенділігін атап өтіп, қорытынды бөлімде: «Әдеби кітап — ой-өрісінді кеңейтеді, тіл байлығыңды, сөздік қорыңды молайтады, рухани нәр аласың, сауаттылығың жақсарады. Қызығып, түсініп оқысаң, өмірді үйренесің. Көкірегің сергіп, көзің ашылады. Көп білуге құныға түсесің. Сөздің бар асылы — кітапта. Адамгершілікті, кішіпейілділікті, Отанға деген асқан сүйіспеншілікті — әдеби кітаптан оқып білесің. Сондықтан да әдеби кітап, жас дос, сенің серігің, досың», — деп аяқтау керек. Осындай шарадан соң кітап деген тек қана қағаз емес, түсіне білген адамға байлық, қазына екендігіне балалардың көздері жете түседі.

Мұғалім өзі сабақ беретін сыныптарда оқушыларының кітапханамен байланысын үнемі есепке алып, тоқсан аяғында кластан тыс оқыған әдебиеттер бойынша әңгіме-сұхбат өткізіп отырса жақсы нәтиже береді.

Жалпы оқушылар арасында бір жыл ішінде мынадай әңгіме-кеңестер беруге болады:

Кітапты қалай оқу керек?

Кітап — білім бұлағы.

Оқын деген кітабыңмен танысып ал.

Кітапты шала оқыма.

Оқығаныңды жазып алғаның пайдалы.

Көркем әдебиетті оқудың ерекшелігі.

Өлең де, оқу да – өнер.

Кітапхана — білім ордасы.

Өз кітапханаң да болсын!

Кітап және оның күтімі.

Кітап туралы асыл сөздер.

Кітап пен білім туралы мақал-мәтелдер.

Кітап туралы өлеңдер т. б.

Қорыта келгенде, оқушылардың өз бетімен кітап оқуын есепке алып, бақылап, басшылық жасау ісі өз дәрежесінде жүзеге асырылса, оны оқушылардың сабақ үлгіріміне де, ой-өрісінің кеңейіп, мәдени дәрежесінің артуына, тіл байлығы мен сездік қорының, ауызша-жазуша сауаттылығының арта түсуіне де пайдалы әсерін тигізері сөзсіз.

Халқымыз «баланы жастан» дейді. Бұл нақыл сөздің негізі тәрбие, оқу жұмыстарымен тығыз байланысты. Өйткені бала көргенін, естігенін тез қабылдайды. Ұққанын ұзақ уақыт ұмытпайды. Халқымыздың тағы бір ұлағатты сөзі «ақыл- жастан, асыл -тастан» делінеді. Баланың талабы, таланты, дарыны бірден сезіле қоймауы мүмкін. Сондықтан мұғалім оқушының болашағын, дарынын байқап, талабына сай көңіл бөліп, талантының көзін ашуға, ой-өрісін дамытуға тырысу керек.



## **2.2. Мазмұндама мен шығарма жаздыру – жазбаша тіл дамытудың тірегі**

Оқушыға жан-жақты терең білім беру үшін тек оқулық пен хрестоматия төңірегінде шектелмей, қосымша әдебиеттермен де жұмыс істеуге дағдыландырған жөн. Қосымша әдебиетті сабақта пайдалану және өздігінен оқуға дағдыландыру оқушылардың білімін тереңдетеді. Көркем туындының ішкі сырына еруге, мазмұнын терең түсініп, әдемілік пен әсемдікті көре білуге тәрбиелеу мақсатында оқылған шығармалар бойынша оқушыларға сурет салғыз қажет. Үлкен тарауларды аяқтағанда қайталап пысықтау сабақтарында немесе сабақты бекіту кезеңдерінде оқушылар қосымша әдебиеттерден тезис, конспект жазады; баяндама жасап, шығарманы жан-жақты талдайды. Пайдаланатын әдебиеттер баяндамашыларға алдын ала көрсетіліп, кеңес берілді. Оқушылар творчествосын ұштай түсу мақсатында оқу жылы басында барша оқушыға творчестволық жазба жұмыстарға арналған дәптер бастатамыз.

Жоғары сыныптарда көркем туындыны талдауда оқушылардың өздігінен істейтін жұмыстарының ішінде шығарма басты орын алады. Шығармадан оны жазған оқушының өзіндік даралығы, жазып отырған тақырыбына көзқарасы, түсінігі, ой-пікірі, бұларды өзінше дәлелдеп жеткізу ерекшелігі айқын танылады. Оқушылардың өздігінен орындайтын шығарма жұмыстары тақырыбы жағынан дұрыс таңдалып алынатын болса, оның оқушылар үшін білімдік те, тәрбиелік те маңызы зор. Шығарма жазу оқушыларды шындықты тани білуге үйретеді; творчестволық еңбек үстінде олар өздерінің ой-өрісін, тіл байлығын саралайды. Өз күшіне сенімі артады. Сонымен бірге шығармадан мұғалім оқушының жеке басының ерекшелігі мен икемдік қабілетін білімі мен ой өрісін тани да алады.

5-6-сыныпта жыл бойына 10-12 шығарма жаздыру орынды. Оның жартысына жуығы еркін тақырыпқа арнаған жөн. Алынған тақырыпты

жоспарлай білмеген оқушы нәтижелі шығарма да жазып бере алмайды. Сондықтан оқушылардың жоспар жасай білу дағдыларын қалыптастыру — ең басты міндет. Жоспар жасауға үйретудің де әр түрлі тәсілдері бар. Төменгі сыныпта шағын сюжетті мәтінді бөлімнен бастасақ, 6-сыныпта көркем образдарға бөліп, ат қойып, шығарманың идеялық мазмұнын ашуға арналған күрделі жоспар түрлері жасалады. Көркем шығарманың алдымен мазмұны жете түсіндіріледі. Осыдан кейін сұрау-жауап арқылы композициялық құрылысы, тілі талданады. Жоспар осы талдау жұмысының нәтижесінде туады.

5-6-сыныпта ауыз әдебиеті үлгілері бойынша мінездемелік, сюжеттік-композициялық және шығарманың тақырыптық-идеялық мазмұнын ашуға арналған жоспар түрлері жасалды. Шығарма талдау барысында сыныпты қатыстырып, жоспар тақырыптарын оқушылардың өздеріне айтқызамыз. Сыныпта жан-жақты талданған, оқушылардың қатысуымен жасалған жоспар негізінде оқушылар ойдағыдай шығарма жазып бере алады. Жоспар құрылғаннан кейін оның әрбір бөлімдері, тақырыптары бойынша сұрау-жауап арқылы әңгіме өткізіледі. Дәлел, мысал үшін алынатын қажетті үзінділерді оқытып, оны қалай, қай жерде пайдалану керек екені түсіндіріледі. Сыныпта жоспар жасалып, түсінік жұмыстары жете жүргізілгеннен кейін, қосымша әдебиеттерді көрсетеіледі де, шығарма жазуды үйге тапсырған жөн, шығарманы үйде орындауға екі аптадай уақыт береуге болады. Бұл уақыт ішінде бұрын біткен шығармалар сыныпта оқылып, талдау жасалады. Ал әлі жазып бітпеген оқушылар бұл талдауда көрсетілген кемшілікті өз шығармаларында түзетуге тырысады. Нашар жазылған шығармалар еш уақытта да сол күйінде қалдырылмайды. Қашан ол шығарма түзетіліп, дұрыс қалыпқа келтірілгенге дейін оқушымен жекелеп жұмыс жүргізе беріледі.

Кабинеттегі қабырға газетіне мақала, өлең, әңгіме жаздыруға да үлкен мән береуге болады. Оқу жылы басында еркін тақырыпта жазылатын творчестволық жұмыстардың тізімін береміз. Оқушылар берілген тақырыптар бойынша қосымша материалдар іздестіріп, жинақталған материалдарынан мұғалімін хабардар етіп отырады. Әр сабақ мақсатына сәйкес, оқушылардың ұсынысы бойынша белгілі тақырып таңдалып алынады да, жоспар жасалып, шығармада қандай мәселелерді қамту керектігі, құрылысы, сюжет желісі ойластырылады.

5-6-сыныптарда көбіне-көп сыныптан тыс жұмыстар берілген мәтіннен кейінгі сұрақтар мен тапсырмалар бөлімінде берілетінін жоғарыда айтқанбыз. Енді осы берілетін тапсырмалардың біріне үлгі келтірелік. Негізінен тапсырма белгілі бір тақырыпқа мазмұндама жазып келу тапсырылады. 5-6-сыныптарда төселгеннен кейін мазмұндамаға жоспарды бүкіл сынып болып, бірлескен түрде оқушылардың өздері жасайды. Бірақ барлық жағдайда да мазмұндаманың жоспарын мұғалім үйінде дайындап әкеледі. Сыныпта жоспар жасатқанда, оқушыларды өз дайындап әкелген нұсқаға бейімдеп жасаттырады. Мысалы, бір сабақтық жоспар мен мазмұндамадан үлгі берейік[5-75]:

**Тақырып: «Қыпшақ Сейітқұл» Ы.Алтынсарин (6-сынып)**

**Жоспары:**

1. Ы.Алтынсаринның өмірі мен шығармашылығы туралы
2. «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінің тақырыбы мен идеясы
3. Кедейлердің Қабырға өзенінің бойына келіп қоныстануы
4. Отыз үйлі тобырды кедейліктен құтқару
4. Діқаншылықпен шұғылданған ел тұрмысының өркендеуі
5. Абат тұрмыс – ел тілегі

**Сабақ тақырыбы:** Ы. Алтынсарин «Қыпшақ Сейіткұл»

**Сабақ мақсаты:** Білімділік: Ыбырай Алтынсариннің «Қыпшақ Сейіткұл» әңгімесінің мазмұнын меңгерту, тақырыбы мен идеясын ашу.

**Дамытушылық:** оқушыларды өзінше ой түюге баулу, олардың танымдық түсінігін, тіл байлығын дамытып, сөйлеу, жазу шеберліктерін арттыру.

**Тәрбиелік:** оқушыларды еңбекті сүюге, жігерлі, төзімді болуға, еңбек адамдарын құрметтеуге тәрбиелеп, «адал еңбек мұратқа жеткізеді» деген ой қорыту.

**Сабақтың түрі:** дәстүрлі емес

**Сабақтың әдісі:** сұрақ-жауап, әңгімелеу

**Сабақты дидактикалық материалдармен қамту:** слайд, қосымша материалдар

**Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, тарих, география

1841 жылы Қостанай облысы, Алтынсарин ауданында туған. Мұсылманша оқып, білім алған. Жастан өз зеректігімен көзге түскен.

Аса көрнекті педагог, ақын, қазақ балалар әдебиетінің негізін салған әдіскер жазушы. “Бай баласы мен жарлы баласы“, “Малды пайдаға жарату”, “Киіз үй мен ағаш үй”, “Қыпшақ Сейіткұл” әңгімелерінің авторы.

1. Сейіткұлдың ойы;
2. Қабырға өзені бойына қоныстануы;
3. Егін егуі;
4. Артық астықты малға айырбастауы;
5. Сейіткұл елінің 450 үйге жетуі;
6. Қауіпсіздік шаралары;
7. Базар ашуы;
8. Сейіткұл жұртының бай болуы.

**Қабырға өзенінің бойына қоныстану.** Сейітқұл отыз үй кедейді қалайша байытып, халық қатарына қосамын деп ойға қалды. Ол көп жерлерді кезіп жүріп, ақырында Торғай төсіндегі Қабырға деген өзен-судың бойына тоқтады. Сол жер-ді ұнатып қайтқан соң, қысты өткізіп, жаз уақыт-ында кедейлерді көшіріп, Қабырға бойына алып келді.

**Отыз үйлі тобырды кедейліктен құтқару.** Сейітқұл елімен бірге қолына кетпен алып, жер тегістеп, егін егуге кірісті. Түркістанда көрген үлгісімен судан арық қазып, егінге су жіберді. Егіні піскен соң орып, жиып алып, артығын төңірегіндегі көшпелі елге сатып, мал етті.

**Отыз үйлі тобырды кедейліктен құтқару.** Сейітқұл егінді жылдан-жылға күшейтіп, арық басына шығыр салып, суды шығырмен айдайды.

Астықтың артығын төңіректегі елге мал-ға айырбас етумен, бұлардың малдары көбейіп, бай болды. Мұны көріп әрбір көшпелі елдегі жарлы-жақыбайлар да келіп, Сейітқұлға қосылып, бес-алты жылда Сейітқұл елі деген төрт жүз үйге таянды.

**Диқаншылықтың арқасында ел тұрмысының өркендеуі.** Сейітқұл жұртын жиып кеңесіп, судың бір қолайлы жеріне шымнан биік қорған салдырды, қару-жарақты қарауыл шындауыл жүргізеді. Малдарын реттеп бақташыға бақтырады.

Сейітқұл енді Бұхара, Қоқанға мал айдатып, ол кенттерден қазақ қолды әр түрлі тауар алдырып, жылда егін піскен уақытта манағы қорғанда жәрмеңке рәуішті базар болды.

Ыбырайдың бұл әңгімесі елінің адал перзенті Сейітқұлдың 1830 жылдардағы қазақ халқының отырықшылық тұрмысынан сыр шертеді. Әңгіме оқиғасының мерзіміне 180 жылдан астам уақыт өтсе де әлі күнге дейін өз көкейтестілігін жоғалтпаған өміршең шығарма екеніне көз жеткізуіне болады. Әрине, халық тұрмысын жақсарту, абаттандыру қай

дәуірде де өзінің көкейтестілігін жоғалтқан емес. Өйткені адамзат есін жиып ер жеткен соң тұрмысын жақсартуға, өркендетуге тырысады, еңбектенеді. Мұны биылғы жылдың мысалынан да көруге болады.

### **Мәтін бойынша сөздік жұмысы**

Отыз үйлі тобыр	-	Белгілі бір мақсатпен топтасқан ұжым
Аттаныс	-	Бір жерге бару үшін жол жүру
Барымта	-	Тартып әкету
Қарымта	-	Есе қайтару
Айырбас ету	-	Ақшасыз, материалдық өнімдерді алмасу
Жұрт ағасы	-	Көпшіліктің басшысы, ақылшысы

### **Сейітқұлға мінездемелік жоспар:**

Сейітқұл еңбексүйгіш, алған бетінен қайтпайтын, мақсатына жету үшін аянбай еңбек ететін жан. Ол бір басын қамын ойлайтын адам емес. Бүкіл елі, жұртына, аймағына, туған туысына қамқоршы Сейітқұл еңбек ету арқасында жақсы тұрмыста жасайтынына көзі жеткен көреген кісі.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

«Ер ел үшін туады» мақалын Сейітқұлдың іс -әрекеттерімен байналыстыру

1. Жұртының келешегі үшін қайғырады
2. Жұртын Қабырға өзені бойына көшіріп апарып, еңбектенуге шақырады.
3. Отыз үйлі кедейіне кетпен беріп, егін ектіреді.
4. Егін өнімдерін сатып, малға айырбастайды.
5. Егін алқабын кеңейтіп, арық қазып, шығырмен су шығарады.
6. Елінің санын көбейтіп, дәулетін асырады.
7. Сыр көзден сақтану үшін қамал салдырып, қарауыл қояды.
8. Өз қорғанында жәрменкеге ұқсас базар аштырады.

9. Диқаншылық пен шарушылық өнімдерін айырбастап, бір жағы саудамен, бір жағы егінмен асқан бай жұртқа айналады.

Осы тақырыпты оқушыарға толық түсіндіріп болған соң, сыныптан тыс тапсырма ретінде мынадай шығарма (мазұндама) жұмысын тапсыруға болады:

### **«Еңбек бақытқа жеткізер»**

#### **Жоспары:**

1. Еңбектенудің пайдасы.
2. Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей.
3. Еңбегі арқылы есейген ерлер.
4. Еңбек рақатқа қол жеткізер.

## **2.2. Шығарма жазу – творчестволық еңбек**

Шәкіртті шығарма жазуға үйрету қиын да күрделі жұмыс. Шығарма жазу биік сөз мәдениетін, талғампаздықты, тілге ұсталықты талап етеді. Жалпы жазу атаулы сияқты шығарма жазу жұмысы кім-кімнен де зерделікті, білімділікті, ұтымды байламдарды, логикалық шеберлікті, дәл түйіндеуді, көркемдегіш сөз үлгілерін көп білуді талап етеді.

Шығарма жазу еңбек сүйгіштікті, терең білімді, өте сауаттылықты, көп нәрседен хабардар болуды қажет ететін жауапты да қиын жұмыс. Сондықтан бұл жұмыс мұғалімнен оқушылар алдына жан-жақты талап қоюды қажет етеді, мұғалім тарапынан жете басшылық жасауды мұрат тұтады.

Оқушылар шығарма жазуға бірте-бірте машықтандыру, үйрету, төселдіру – ұзақ процесс. Шығарма жазуды бастауыш сыныптан бастау өте маңызды. Шығарма жазудың тәрбиелік, білімдік маңызы өлшеусіз. Ол шәкірттің рухани дамуына өтімді пайда тигізеді. Баланы қоғамдық пайдалы жұмысқа ынталандырады, отанына деген сүйіспеншілігін арттырады, еңбек ете білуге үйретеді. Шығарма жазу шәкіртті мұқияттылыққа, білімін кеңейтуге, сауаттылыққа, жалпы дүниетанымын молайтуға, жауапкершілікті болуға баулиды.

Шығармадан оқушының көзқарасы, ойы, түйсігі, мәдениеті, пікірі, ниеті аңғарылады, түсінігі, тіпті оқушының өз болмысы көрінеді. Шығарма оқушының материалды қаншама білетінін, аңғарғыштығын, білімін, сауатын, ойын баяндай білу дәрежесін, қаншалықты түйіндей алатынын байқатады, оның үстіне ең маңыздысы сол – бұл қасиеттерді дамытады, өмірдегі оқиғаларды байланыстыра білуге, солардан қажетін таңдап ала білуге үйретеді. Оқушы шығарма арқылы өз ойын жазу тілінде мазмұнды



да толық, нақты да айқын, дербес те сауатты бере білуге үйретеді. Шығарма оқушылардың жазу мәдениетін арттырады.

Шығарма жаздыру – оқушыларды байқау, үйрету, оның ірге тасы бірінші сыныптан басталады.

«Шығарма» деген ұғым әдеби тілде көркем және ғылыми туындыларды көрсетсе, мектепте оқушының бір мәселеге, затқа не құбылысқа қатысты ойын өз сөзімен білдіретін дербес жазу жұмысын көрсетеді. Олай болса кіші сынып оқушыларының бір нәрсеге бір сөзбен болса да жазбаша жауап беруінде шығарманың элементі байқалады.

Мектептегі оқушының шығарма жұмысы оның өмірге көзқарасын қалыптастыруда елеулі рөл атқарады. Жұмыстың бұл түрін орындау әрбір шәкірттен терең білімділікті, шынайы сауаттылықты, талғампаздықты, пікірін жан-жақты дәлелдей білуді, ойын көркем сөздер арқылы суреттеуді талап етеді.

Осы арада айта кететін бір мәселе кейбір мұғалімдер осы күнге дейін шығарма жазғызу 9-сыныптан басталады деген ұғыммен жұмыстың бұл түрін 5-8- сыныптарда ұмыт қалдырады. Дұрыс, 5-8 сыныптарда негізінен мазмұндама жаздырылады, бірақ қазақ әдебиетін оқыту барысында мұғалімнің негізгі міндеті оқушыларды әрбір мәселеге байланысты өзіндік ой топшылауға, қорытынды жасауға үйрету болғандықтан шығарма жазғызу жұмысы мектеп оқушыларының әрбір кезеңінде бірде-бір толастамайтын жұмыс түріне айналуы керек. Бірінші сынып оқушылары оқу жылының екінші жартысынан ұстаз көмегіне сүйене отырып, өзін қоршаған табиғат туралы, оның мезгілдері жайында, мереке күндеріне арнап шығарма жазуды бастаған жөн. Бұл жұмыс әрі қарай жалғастырылып, бастауыш сыныптан кейін бірте-бірте күрделене түседі.

Шығарма жазуға оқушыларды даярлау жұмыстарында 5-8 сыныптарда әдебиеттік оқудың негізінде өтілетін көркем мәтіндерді, соның ішінде мысал өлең, әңгіме, ертегілер, дастан, повесть, романдардан алынған үзінділерді, драмалық шығармалардың сюжетін ауызша мазмұндаудың маңызы зор. Ауызша мазмұндау оқушылардың тіл мәдениетін жетілдіреді және ауызша сөйлеу шеберлігіне жетелейді. Мәселен, мәтінге жуық мазмұндаудың өзі шығарманы оқу мен мазмұнын ұғыну жұмыстарының үш кезеңінде, яғни мәтінді оқып болғаннан кейін іле-шала мазмұндау, мәтінге жоспар құрып, соған қарай мазмұндау, соңында шығарманы талдауға қорытынды жасау кезеңінде мазмұндау ретінде іс жүзіне асырылады.

Осының бәрінде де оқушы айтайын деген пікірін әрі жүйелі, әрі көркем айтуға ұмтылады. Бұл сөз жоқ жазбаша тіл дамытуға игі ықпалын тигізеді. Оқушы шығарма жазғанда іркілмей, өз ойын сөз маржандары арқылы тізбектей алуға мүмкіндік алады.

Қазақ тілінен өтілген материалдарға байланысты сөйлем құрау дағдысын қалыптастыруда оқушылардың ой еңбегіне қаншалықты салмақ түсетіні белгілі. Олардын бұл жұмысты орындау мақсаты белгілі бір тілдік категорияға байланысты болғанымен, мысалдарын өмірмен байланыстыратынын ескерсек, шығарма жазуда алған тақырыбының идеялық мәнін өмір өзегіне сай тұжырымдай алуға мұның әсері тиеді.

Жазбаша тіл дамыту жұмыстарына дайындықтың бір түрі ретінде кейіпкерге мінездеме беруді пайдалануға болады. Кейіпкерге берілетін мінездеменің қай түрі болсын мәтіндегі автор суреттеуіне негізделеді. Кейіпкерлердің әрқайсысына жеке-жеке берілетін дара мінездемеге, екі кейіпкерді бірімен-бірін салыстыру түрінде, топтау түріндегі мінездеме-лерге де тірек болатын айшықтар көркем мәтіннің өзінен алынады. Оқушылар жоспардағы белгіленетін сұрақтарға мәтіннен цитаттар терумен бірге,

шығарманы терең талдай білуді меңгерсе, кейіпкер мінездемесін жасауда өзіндік ой қорытындысын шығаруға да жаттығады. Әдебиеттік оқу материалдарын оқып игеруде кейіпкерге ауызша, жазбаша мінездеме жасауды сынып жоғарылаған сайын күрделендіре түсіп, алған әсері мен тұжырымын жазба түрде баяндап беру дағдысы қалыптастырылады. Оқушының творчестволық еңбегінде — шығармада — оның өзіндік көзқарасын білдіруге дағдыландыру басты міндет саналады. Сондықтан да әрбір тақырыпқа жаздырылатын шығармаға мұқият әзірлік қажет. Шығарманың сапалы шығуы үшін оқушы көп ізденіп тапқан материалдарын сұрыптайды, фактілер жинайды. Оларды өзіндік ой елегінен өткізіп, танымдық белсенділігін көрсетуде пайдаланады. Шығарманы нағыз творчестволық еңбек деп ұққан оқушының ғана жазу шеберлігі жетіледі, сөздік қоры молаяды, білімге құштарлығы артып, ой-өрісі тереңдейді.

Әдебиетке байланысты сыныптан және мектептен тыс жұмыстар оқушылардың ой-өрісін дамытып, дүние тану қабілетін арттыратынын мектеп тәжірибесі көрсетіп жүр. Әсіресе, сыныптан тыс оқуды дұрыс ұйымдастырудың үлкен маңызы бар. Білімдік-тәрбиелік құны жоғары шығармалармен танысу оқушылардың рухани дамуына көп әсерін тигізеді, логикалық ойлауын жетілдіреді, білімін арттыра түседі. Осындай шәкірттің жазған шығармасынан биік парасат, кең толғанис, терең ойшылдық, эстетикалық талғам байқалады. Әсіресе, жоғары сыныптарда шығарма тақырыбына ұсынылған еңбекті оқушы толық оқып шығуын қадағалау керек. Оқушы сонда ғана тақырыпты жан-жақты ашуда, пікірін дәлелді келтіруде жаттандылыққа соқпай, көркем туындыны терең талдай алады. Әдебиет үйірмесінде оқушының баяндама жасауы, әдеби-творчестволық үйірмеде тырнақ алды еңбегін талқыға салуы, қабырға газеті мен қолжазба журналына жазған мақалаларын және әңгіме,

очерктері, т. с. с. шәкірттің жазу дағдысын жетілдіре түседі. Мұнымен бірге монографиялық тақырыптарды өтуде жасалатын оқушылар баяндамасы, конспект, тезис, рецензия жазу жұмыстарын да мұғалім үздіксіз жүргізіп, оларды мақсатты пайдаланып отырғаны жөн. Байқап жүргеніміздей, мектепті бітіргенге дейін бір мақала жазбай кететін, бір баяндама жасамай өтететін шәкірттер де кездеседі. Оның үстіне ата-аналар мен ардагерлер алдында, салтанатты кештерде сөз сөйлейтін оқушының сөзін мұғалімдер жазып беретін жайттар ұшырайды. Бұл — шәкірттердің тіл дамыту жұмыстарындағы қиындықты аттап өту екені белгілі.

5-6 сыныптарда өмірбаян, хат, күнделік жазғызудың да білімдік мәнін ескерген жөн. Оқушының сауаттылығын, ойын баяндай білу дәрежесін күнделіктен де байқап, оны жазу жұмысына төселдіру үшін пайдалануға болады.

Оқу жылы ішінде жазылатын шығарма тақырыптары күні бұрын жоспарға енгізілгені жөн. Оқушылармен жүргізілетін дағдыландыру жұмыстары да соған сәйкестендіріле орындалады. Көркем мәтінді негізгі бөлімдерге бөліп, олардың әрқайсысына лайықты тақырып қойып, қажетіне қарай жай және күрделі жоспар жасау сияқты жұмыс түрлерін орындау дұрыс. Ал тақырып таңдауда, ең алдымен, оның білімдік-тәрбиелік жақтарына үлкен мән берілумен қатар, оқушының жасы мен білім ерекшелігі берілген тақырыпты аша алатындай болуын ескеру артық емес. 5-6 сыныптарда бағдарлама материалынан тыс оқушылардың логикалық ойын, қиялын дамыту мақсатын көздеп мынадай еркін тақырыптарға шығарма жазғызуға болады: «Алтын күз», «Нан дастарқанға қалай келеді?», «Қылышын сүйретіп қыс келді», «Біздің ауылдың көктемгі көрінісі», «Мектебім — алтын бесігім», «Менің сүйіп оқыған кітабым», «Тұңғыш ұстаз», «Сүйікті мектебіміз — оны күту міндетіміз», «Адалдық

— асыл қасиет», «Еңбек ер атандырады», «Үй-іші маған қандай ақыл айтады?», т. б. Жоғары сыныптарда әдеби тақырыптағы (мінездеме түріндегі) шығармамен қатар әдеби-публицистикалық, әдеби-творчестволық тақырыптарға да шығарма жаздырылатыны белгілі. Шығарма тақырыптарына бүгінгі күннің ірі оқиғалары, бейбітшілік, ғарышты игеру, халықтар достығы, демократия мен тәуелсіздік, т. с. с. алуға болады.

«Жоспар — шығарманың қазығы» деп босқа айтылмаған. Оқушыларға шығарма жазғызу жұмысын оның жай және күрделі жоспарын жасауды меңгертумен байланысты жүргізген жөн. Алдымен шығарма жазуға беріліп отырған тақырыпқа сай жай жоспар жасауды үйреткен дұрыс. Бұл тақырыпты терең түсінуге, қарастыратын мәселелерді толық игеруге көмектеседі. Сонда ғана шәкірт жүйелі жоспар жасауға ұмтылып айтайын деген ойын еркін баяндай алады. Бұл дағды қалыптасқаннан кейін күрделі жоспар туралы ұғым қарастырылып, оның кіріспе бөлімінде тақырыптың бет ашары сөз болатыны, негізгі бөлімінде алынған тақырып жан-жақты талданып, оған оқушының көзқарасы, берген бағасы баяндалатыны, қорытынды бөлімінде жоғарыда сөз болған мәселелерді жинақтап, түйіндеу жасалатыны түсіндіріледі. Қашан да шығармада тақырыпқа сай жасалған жоспар бойынша оқушының ойын реттеп жаза білуіне, тиісті пікірлері құрғақ болмай, оны дәлелдеп отыруына, жоспарда белгіленген бөлік, тармақ, тармақшалар арасында алшақтық болмай, қайта бір-бірімен жымдасып ой бүтіндігі сақталып отыруына үнемі назар аудару керек. Шығарма белгілі бір тақырып жайында құрылымы тұрғысынан да біткен, аяқталған тұтас еңбек болып шығуы үшін жоспарда белгіленген сұрақтарды немесе олардың рет тәртібін жазу барысында көрсетіп отыру, яки олардың араларына бос

жолдар тастап кету керек емес. Оқушының творчестволық едбегінде дәуір тынысын таныта алуы, ой қорытындысын өмірдің өзекті мәселелерімен байланыстыра алуы шығарма жетістіктерінің бірі саналады.

Жоспар жасаудан бастап өз ойын сауатты, мәнді жеткізе алу, кестелі образ жасау машығына төселгенше, шәкірт жұмысына басшылық жасау — мұғалімнің міндеті. Жоғары сыныптарда да шығарма жазуды оқушылардың өздеріне тастап қоймай, әрдайым тиянақты дайындық жүргізіп, ұстаз шәкірт алдына қойылған мақсаттың толық орындалуына қамқоршы болып отырады. Сонда ғана мектеп бітірушісі емтихан үстінде шығарма жазғанда кітапқа немесе көрсетпей пайдаланам деп даярлаған жазба қағазға алаңдамайды.

Тек шығармада ғана емес, тіл мен әдебиетке байланысты жүргізілетін жазбаша жұмыстарда кездесетін қате түрлерін тиісінше қалыптасқан шартты белгілер (**бір сызық — тыныс белгісінен, қос сызық — емледен, ирек сызық — стильдік жағынан кеткен қателер, радикал — сөз, сөйлем қалып қойған, сұрау белгісі — түсініксіз, абзац белгісі — азатты жолдан жазу**) арқылы көрсетіп, оқушының сол қателерді, өздеріне тапқызып, оларды қайталамаудың тиімді жолдарын түсіндіру пайдалы. Мұндай кеңес оқушының шығармасына жазылған рецензияда көрсетіліп, талдауда ауызша ұғындырылады.

Оқушыларды біліміне қарай әділ бағалаудың білімдік және тәрбиелік мәнін қатаң ескерген жөн.

Шығарманы талдауды қорыту кезінде оқушылардың шығарма жазу туралы тілектерін тыңдап, оларды есепке алып отырудың да маңызы бар. Мұғалім оқушылардың ойына түрткі салып, сауатты болуына кедергі болған жайттар, қандай тақырыптарға шығарма жазғысы келетіні,

шығарма жазудан алған әсерлері, шығарма жазуына қандай кеңестер қажет екендігі, т. б. туралы әңгімелеседі.

Басқа республикалардағы қазақ мектептерінің шәкірттеріне жергілікті тіл әсер етпей қоймайды. Әсіресе, Қарақалпақстан аймағында мұндай ерекшеліктің едәуір бар екендігі жасырын емес. Оқушылардың ауызекі сөйлеуінде, арагідік жазба жұмыстарында **байрақ (жалау), гөш (ет), шеп қол (сол қол), сым (шалбар), жүдә, күтә (өте), ауқат (ас), рауажлану (даму)** сияқты сөздер мен өзге тілдің аффикстерін қолдану жиі кездеседі. Бұл тізімді әрі қарай соза берсек, жалғаса береді, бірақ біздің айтпағымыз ол емес. Тіл тазалығы үшін күресу, сол тілде сөйлеуші әрбір азаматтың міндеті саналатыны бүгінгі күнде кең сөз болып отыр. Сондықтан мектеп әкімшілігінің тікелей қамқорлығымен қазақ мектептеріндегі әрбір пән мұғалімі ана тілінде таза сөйлеп, шәкірттерді соған баулуы тиіс.

Оқушылардың жазбаша сауатын көтеруде, тіл мәдениетін арттыруда мұғалім жалықпай, көп еңбектенсе ғана ойдағыдай нәтижеге жете алады.

Енді осы шығарманы сауатты жазу бойынша қазіргі тұрмысымызда ұшырасып жатырған жәйттерге назар аударалық:

Мектеп реформасы Негізгі бағыттарында айқын тұжырымдалған талаптардың ең бастыларын атар болсақ, олар — орта мектепте еңбекке тәрбиелеу мен оқыту сапасын жаңа деңгейге көтеру мәселесі.

Қазіргі таңда республика орта мектептерінде қазақ әдебиетінің оқытылу дәрежесі қандай деген сауал қойып, оған жауапты жыл сайынғы институт пен университетке түсуге талаптанушы жүздеген жастардың қабылдау емтихандарында байқатқан білімі тұрғысынан қарап берер болсақ, «әлі де уақыт талабынан олқылау жатыр» дер едік. Мұның айқын мысалын күні кеше ғана мектеп бітірген жастардың қазақ әдебиетінен

жазған шығарма жұмыстарының сапасы мен ауызша жауаптарынан да көруге болады.

Орта білімі бар жастардың көркем шығарма жайлы әдеби-эстетикалық түсінігінің таяздығы, бағдарламада бар (басқасын айтпағанда) шығармалардың өзінің тақырыбы мен идеясын пайымдай алмаушылығы, талдаудың қарапайым қағидаларын да білмейтіндігі, өкінішке орай, жиі кездесетін құбылысқа айналды. Мұның сыры, әрине, оқыту деңгейінің төмендігінде жатыр.

Ал осы шығарма сапасына қатысты олқылықтарды қалай болдырмауға болады, оқушыларды сапалы әрі сауатты шығарма жазуға баулу жолдары қандай?

Тәжірибе көрсетіп жүргендей, оқушылардың басым көпшілігі әдебиеттен жазылатын шығарма жұмысына онша мән бере бермейді. Олар үшін шығарма жазу оқулықтағы талдау-пайымдауларды көшіріп беруден аспайды. Ал енді бір оқушылар үшін шығарма жазу — белгілі бір туындының сюжетін, оқиғаларды тізбелеп баяндап беру ғана. Тіпті жоспар құру, эпиграф таңдау секілді мәселелерде қиналатын, бұлардың шығарма сапасына өте қатысты екеніне мән бермейтін де шәкірттер бар. Міне, осындай үстірт түсініктерді болдырмау үшін мұғалім ең әуелі шәкірттеріне шығарма жазудың оқушылар үшін кішігірім творчестволық процесс екенін түсіндіріп, оған тыңғылықты даярлық керектігі және шығарма сапасына қойылатын талаптар жайлы әңгімелеуі қажет.

Шығарма сапасына қойылатын талаптар, біздіңше, мыналар:

1) Шығарманың сапалы болуы ең алдымен тақырыпты дұрыс таңдап алуға байланысты. Берілген тақырыптардың біреуін таңдамас бұрын, бұлардың қайсысын өте жетік білесің, айтар ойыңа сәйкес қажетті



дәлелдеу, мысалдар келтіре аласың ба, міне, осылар төңірегінде мұқият ойлану, толғану қажеттігі оқушыларға ескертілуі тиіс.

2) Жазба жұмысына қойылатын талап — оқушының көркем шығарманың тақырыбын, идеялық мәнін дәл, айқын аша білуі, талдаудың жүйелілігі, нақтылығы және жан-жақтылығы, бір сөзбен айтқанда, талдау мазмұнының жоғары сапалы болуы.

3) Шығарма сапасын арттыратын келесі қажеттілік — сауаттылық. Оқушы өз ойын жүйелі, мазмұнды, нақты әрі сауатты баяндауы және жаза білуі керек. Бұл ретте орфографиялық, пунктуациялық ережелерді жетік біліп, дұрыс қолдану, термин сөздерді, сөз тіркестерін қатесіз жазу міндеті тұр. Әдетте кейбір оқушылар, құрмалас сөйлемдер, сөз тіркестері өз алдына, күнделікті тұрмыста, баспасөзде жиі қолданылатын интернационалдық терминдерді де қате жазады. Әрине, сауаттылық — шығарма сапасының бір өлшемі ғана. Оқушылар өз ойын жүйелі, жан-жақты танытқанда ғана еңбегі жемісті болмақшы.

4) Жазба жұмыстардың сапасына қатысты және бір ескерер нәрсе — сөйлемдерде стильдік қателерді болдырмау. Оқушылардың ойын өзінше жан-жақты, кең тұрғыда жеткіземін деген мақсатпен сөйлемдерді ұзақ, шұбалаңқы, қисынсыз күрделі формада құруы стильдік қатеге ұрындырады. Сөйлем стильдік тұрғыда дұрыс құрылмағандықтан, оқушы ойын ұғуды ауырлата түседі. Ой қайшылығы, қажетсіз қайталаулар, пікір бұлдырлығы осыдан туады. Нәтижесінде оқушының пікірі, талдауы жүйесіз, логикалық айқындығы жоқ, ұғымсыз болып шығады. Мұндай стильдік қателіктен оқушыларды сақтандырудың жолы мынадай: оқушылар сөйлемнің күрделі түрлерінің жасалу жолдарын толық меңгермеген болса, онда олардың ойын қысқа, әсерлі құрылған жай сөйлемдермен беру керектігіне мұғалім көңіл аудару қажет.

5) Жазбаша жұмыста артық баяндаулар мен қажетсіз кіріспелердің орын алмауының да шығарма сапасына қатысы бар.

Әдетте мектеп бітірушілердің, сондай-ақ абитуриенттердің жазба жұмыстарында жиі кездесетін бір кемшілік — осындай артық баяндаулар, керексіз сипаттамалар немесе белгілі бір туындыны я жазушы творчествосын орынсыз көтере бағалаушылық. Мәселен, «өте шебер жазылған», «үздік бейнеленген», «тамаша суреттелген», т.б. Оқушы шығармадан нақты мысалдар келтіріп, осы бағалауларын дәлелдеп берсе бір сәрі ғой.

Кейбір оқушылар шығарманы бастарында тақырыпқа сәйкес көркем туындыны тікелей талдау орнына, әдетте әуелі оның авторының өмірбаянынан (айталық, қай жерде, қай жылы туған, не қызмет істеген, т.б.) мәлімет беріп алып, сосын қаламгердің әдебиетке сіңірген еңбегіне, бүкіл творчествосына ұзақ-сонар тоқталып өтуді міндет санайды. Осындай мүлдем қажетсіз кіріспе үш-төрт беттік жазу жұмысының кейде бір-екі бетін алады. Дұрысында, авторға мұндай сипаттама, баға беру, өмірбаянына шолу жасау — шығарма үшін қажетсіз. Шығарма көлем жағынан ұтқанмен, мазмұны, сапасы жағынан ұтпайды. Ал өте қажет болса, кіріспеде екі-үш сөйлеммен авторға, оның творчествосына қысқаша ғана сипаттама беруге болады. Мәселен, шығарма тақырыбы «М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы Абай бейнесі» болып келсе, ол сипаттаманы былай тұжырымдау орынды:

«Мұхтар Әуезов—қазақ әдебиетінің үздік өкілі, бүкіл түркі тектес халықтар әдебиетінің мақтанышы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Ол әдебиеттің көптеген жанрларында өнімді, жемісті еңбек етті, идеялық-көркемдік сапасы жоғары сан алуан туындылар берді. Алайда М. Әуезовтің ең басты шығармасы — «Абай жолы» эпопеясы».

Бұдан әрі сөз шығарманың тақырыбын анықтау, басты тұлға Абайдың азаматтық, ақындық қырларын талдап ашу тұрғысында болуы керек.

Жазба жұмыстарында жиі кездесетін артық талдаудың екінші түрі — абитуриенттердің тақырыпты көркем шығарма көтерген нақтылы проблема немесе белгілі бір образдар төңірегінде ашуға ұмтылмай, романға, ондағы кейіпкерлерге жалпылама тоқталуы, туынды жайлы бар білгенін талғамай тізбелей беруі. Мәселен, Абай бейнесін, оның халыққа келу, халық жоқшысы болу жолындағы қалыптасу кезеңдерін нақтылы мысалмен талдау орнына, кейбір оқушылар эпопеядағы образдар жүйесіне, өзі білетін жайларға жалпылама тоқталады. Осыдан кейін тақырып нақтылы ашылмайды, пікір, ой, бағалаулар дәлелді, жүйелі мәнге ие бола алмай қалады. Сондықтан да аталған артық баяндау, жалпылама, үстірт шолулар, білгенін тізбелеу — жазба жұмысындағы үлкен кемшіліктер.

б) Шығарма жұмысының сапалылығын арттыратын енді бір шарт — оқушының сөз қолданысы, тіл байлығы яки шығарма тілі. Әңгіме көркемдік әлемі — әдеби шығарма — туралы болғандықтан да, оқушы өзінің ой-пікірін мүмкіндігінше көркем, оралымды да ойлы баяндап, тіл байлығын таныта білсе, жазу жұмысы да соғұрлым құнды болмақшы. Мұны басты шарттың бірі ретінде айтып отырған себебіміз, осындай сөз қолданысын көркем әдебиеттің өз табиғаты да керек етеді. Жасыратыны жоқ, көптеген оқушылардың шығарма жұмыстары сөз қолданысы, тіл байлығы тұрғысынан алғанда мейлінше жұтаң, жұпыны, нәрсіз сөздер мен сөйлемдердің тізбегінен тұрады. Бұл — оқушылардың ізденбейтінін, көркем шығармаларды қызыға оқып, олардан тіл байлығын игеруге, сөздік қорын байытуға ұмтылмайтынын көрсетеді. Қазақ әдебиетінен сапалы

шығарма жазғызудың, тіл байлығын меңгерудің өнімді жолы оқушыларды көркем туындыларды оқи білуге үйретуде де жатыр.

7) Жазу жұмысын орындау барысында оқушыларға қатаң ескертер және бір талап-шарт бар. Ол — шығарманың ешқандай да көшірме емес екендігі, қайта, керісінше, әдебиеттен шығарма жазудың творчестволық процесс екені. Кейбір оқушылар жазу барысында өзі таңдап алған тақырыпты өз пікір-ұғымы тұрғысынан талдау орнына оқулықтағы дайын талдау-пайымдауларды көшіріп алуға бейім тұрады. Мысал келтіре қалса, оқулықтағы фактілерді тізбелейді. Бұл оқушының өз бетінше көркем туынды жайлы ой түюге ұмтылмайтынын, қосымша әдебиеттерді қарамайтынын, сайып келгенде, шығарма жазудың творчестволық процесс екенін, оған қойылатын талаптарды білмейтінін көрсетеді.

Шығарма, қайталап айтсақ, оқушылар үшін әрқашан да кіші-гірім творчестволық процесс, ең жауапты сын болмақ. Творчестволық процестің жемісі болғандықтан да шығарма оқушыдан өзіндік түсінік, өзіндік бағалау, туындының озық, жаңашыл сипаттарын, образдар мінезін өзінше танып, мүмкіндігінше пайымдау міндетін талап етеді. Мұғалім оқушыларға әрбір шығарма жұмысына кірісер алдында осы жайларды қайталап ескертіп отыруы жөн.

Тәжірибе көрсеткеніндей, оқушылар да, абитуриенттер де шығарма жұмысын жазуды жоспар құрудан бастайды. Екінші бірі жоспарсыз-ақ тақырыпты жүйелі талдауға кіріседі. Осының қайсысы дұрыс? Міндетті түірде жоспар құру қажет пе, жоқ па? Абитуриенттер тәжірибесі айқын көрсетіп жүргендей жоспар құрмай-ақ та ойды анық, әсерлі жеткізуге болады. Мәселе, сайып келгенде, жоспар құру-құрмауда емес, тақырыпты жүйелі де тартымды аша білуде. Олай болса, жоспар құру міндетті емес. Ал қалыптасқан дағды бойынша жоспар құрып алып жазам деуші оқушыға

ескертер бір жай бар: жоспар шығарма жұмысының бірінші бетінде жоспар күйінде қалмасын, бұл жағдайда ол жұмыс көлемін ұлғайтқанымен, сапасын көтеруге көмегі жоқ, қайта артық саналып тұрады, Сондықтан да жоспардың әр бөлімі, пункті шығарма мазмұны арқылы талданылып ашылуы, дәлелденілуі тиіс. Міне, осындай шығарма мазмұны мен жоспарының арқасында тығыз байланыс болғанда ғана жоспар құру өз мақсатын өтейді.

Шығарма жұмысына, оның сапасы мен құрылысына қойылатын негізгі талап-тілектер, міне, осылар.

5-6-сыныптарда көбіне-көп сыныптан тыс жұмыстар берілген мәтіннен кейінгі сұрақтар мен тапсырмалар бөлімінде берілетінін жоғарыда айтқан болатынбыз. Енді осы берілетін тапсырмалардың біріне үлгі келтірелік. Негізінен тапсырма белгілі бір тақырыпқа шығарма жұмысын жазып келу тапсырылады.

5-6-сыныптарда жүргізілетін шығарманы негізінен мынандай топқа жіктеуге болады:

1. Балалардың оқыған не естіген әңгімелеріне байланысты.
2. Оқушының өз іс-әреетіне (ойын, еңбек т.б.) байланысты.
3. Саяхат (экскурсия) бойынша.
4. Өнер саласына (сурет, кино, театр т.б.) байланысты.

5-сыныпта Ыбырай Алтынсариннің «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесі берілген [4-104]. Мұны оқушыларға жан-жақты түсіндіріп,өтіп болған соң мынандай тақырыпта сыныптан тыс оқу үшін шығарма жазу тақырыбын беруге болады:

#### **«Байқағыштықтың пайдасы»**

##### **Жоспары:**

1. Жұртта қалып қойған балалардың іс-әрекеті.

2. Үсен көштің бағытын қандай белгілерден аңғарды?
3. Адасқан балалар қалай күн көрді?
4. Сүрлеуден адасып дағдарған балалардың шешімі
5. Балаларды қуантқан қаз дауысы.

Оқушының ой-өрісін дамытудың бір түрі – шығарма жаздыру. Сынып оқушыларын шығарма жаздыруға дағдыландырудағы мақсат – олардың тіл байлығын дамыту, қоғам өмірінде, табиғатта кездескен жаңа сөздер, атауларды пайдалану, оқушының өз ойын жаза білуге үйрету, сана-сезім қабілетін дамыту. Шығарма жазғанда оқушы тіл дамытып ғана қоймай, өмір құбылыстарын түсінуге, ой қорытуға үйренеді. Ол үшін мұғалім сабақта материалдарды өту кезінде соған байланысты жаңалықтарды орынды шендестіріп, құбылыс заңдылықтарын жүргізеді. Оқушы таныс мәселелерді ғана қиналмай жаза алады. Сондықтан оқушылар «Еңбек бақытқа жеткізер» тақырыбындағы тапсырманы «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесімен байланыстырып қиналмай шығарма жұмысын жаза алады.

## Қорытынды

Еліміздегі саяси-әлеуметтік, экономикалық өзгерістер әсіресе, жас жеткіншектерді тәрбиелеу ісіне, олардың сана сезіміне, мінез-құлқына, ой-өрісіне ықпалын тигізіп отыр. Сапалы қоғам саналы адамымен, тәрбиелі жастарымен ғана мықты. Сондықтан болашақта белсенді қоғам мүшесін. Елі-жұрты үшін жанын шүберекке түйетін азаматты яғни жас жеткіншектерді сапалы оқыту мен тәрбиелеу ең елеулі де күрделі міндеттердің бірі болмақта.

«Қазақ тілі», «Әдебиет» оқулықтары, сыныптан тыс оқуға арналған түрлі кітаптар, мұғалімдер мен ата-аналардың сөзі – осының бәрі бала сөзін қалыптастыратын сөйлеу орталығы болып табылады. Егер сөйлеу орталығы нашар болса, тек жаттығулар арқылы балалардың ой мен тілін дамытуда ойдағыдай табысқа жету мүмкін емес. Сондықтан мұғалім тек жаттығулар жүргізу емес, оқушыларға берілетін тіл үлгілерінің сауатты, мәдениетті, сөз байлықтарына сай, әсерлі болуын қамтамасыз етеді. Балаларға күшті әсер ететін ауыз әдебиеті үлгілерін-ертегі, жұмбақ, мақал-мәтелдерді, мысалдарды кеңнен пайдалану керек.

Қай заманда да азамат алдында тұратын басты міндет – есті, еңбек сүйгіш, қайырымды бала тәрбиелеу. Қай халық болмасын өзінің жас ұрпағы жақсы, адал, үлкенді ізет ететін, әділ, мейірімді, ар-ожданды, ер жүрек болып өсуін қалайды. Ал орта мектеп болса, білім мен тәрбиенің іргесін қалайтын алғашқы адым. Сондықтан осы қаланған ірге тасты одан әрі сапасын жетілдіру қажеттігі туады. Осы жолағы ең тиімді әдіс-тәсілдің бірі оларға шығарма мен мазмұндама жаздырып, ой-өрісін дамытып, өмірдің қыр-сырларымен таныстырып, болашақ үлкен тұрмысқа жол көрсетуде сана-сезімін кеңейткен абзал.

Біз 5-6-сыныптарда жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстардың түрлерін және олардан пайдаланудың тиімді жолдарын әдістемелік тұрғысынан қарастырып, сыныптан тыс жұмыстардың ауыз екі жүргізілетін қарапайым түрлерінен бастап, шығарма мен мазмұндамалардың белгіленген жоспар негізінде жазылып оқушылардың ой-өрісін, жазба сауаттылығын арттыратын біршама күрделі түрлеріне нақты мысалдар келтіре отырып зерттеу жұмысын алып бардық. Бітіру мамандық жұмысымыздың сабақ барысында пайдалануға болар жағын мақсат тұтып, көпшілік мысалдарды мектеп оқулығында берілген мәтіндердегі сұрақтар мен тапсырмаларда берілген мектептен тыс оқытылатын материалдар мен өзіндік жұмыстардан алуға тырыстық.

5-6-сыныптарда жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстардан мазмұндама мен шығарманы жеке қарастырып, оларды пайдалануда балалардың жас өзгешеліктеріне баса көңіл аударудың қажеттігін аңғартуға назар аудардық.

Қорыта келгенде мұғалім ең бастысы сыныптан тыс жұмыстарды қолайлы кезеңді тауып орындата алса оқушының шығармашылық қабілетін арттыратын жұмыс екенін сөз еттік. Егер оқушы оқулықтағы талданған, айтылған мәселелерді сол қалпында, ешқандай ой елегінен өткізбей көшіріп беретін болса, онда ол шығармашылық жұмыс болмайды.

Мұғалім сыныптан тыс уақыттарда белгілі бір мәтінге шығарма мен мазмұндамалар жаздырса, оқушылардың өздігінен еңбектеніп, білім сырларын ашуына көмектеседі. Олардың сана-сезімі биік, сөз өнерін түсіне білер азамат, білікті оқушы етіп тәрбиелеуге үлкен ықпал жасайды. Ал әдеби шығармашылықты бағалайтын, сөз өнерін түсіне білетін оқушы парасаты биік азамат болары хақ. Осындай азаматты тәрбиелеу оқытушының басты парызы.



## Пайдаланылган әдебиеттер

1. И.А.Каримов. «Амир-Темур бизиң ақтанышымыз», Нөкис- 1997,50 б
2. Ахметов Ш. «Қазақ балалар әдебиеті» Алматы- 1974 ж.
3. Ахметов Ш. «Қазақ балалар әдебиеті тарихының очерктері» Алматы –1965ж.
4. Абдувалитов Е., т.б., «Әдебиет», 5-сынып оқулығы, Т-2011 ж.
5. Абдувалитов Е., т.б., «Әдебиет», 6-сынып оқулығы, Т-2013 ж.
6. Ғабдуллин М., «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», Алматы-1994 ж.
7. Ергөбеков Қ. «Арыстар мен ағыстар», А -2003 ж.
8. Ергөбек Қ. «Мейірім шуағы», А-1985 ж.
9. Қалдыбаев Т. «Әдебиет сабақтарында тіл ұстарту», Ташкент -1999 ж.
10. «Қазақ балалар әдебиеті антологиясы», А -1977 ж.
11. Кәкішев Т. «Дәуір дидары», А -1985 ж.
12. «Сөзстан» IV кітап Алматы-1983 ж.
13. Қирабаев С.«Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері», А-1995 ж.
14. Қабдолов З. «Әдебиет теориясы», А-2007 ж.
15. Қабдолов З. «Талант пен талғам», А-1983 ж.
16. Қабдолов З. «Арна», Алматы-1986 ж.
17. «Қазақстан мұғалімі» 10-саны, 1988 ж.
18. «Қазақстан мұғалімі» 1, 9-саны, 1991 ж.
19. Ред. алқасы «Дауылпаз жылдар жырлары», А-1986 ж.
20. Ред. алқасы «Педагогика», Алматы «Дарын», 2004 ж.
21. Сүнішәлиев Х «Қазақ әдебиеті тарихы», А-2006 ж.

## Электрондық білім ресурстары

1. [www.tdpu.uz](http://www.tdpu.uz)
2. [www.pedagog.uz](http://www.pedagog.uz)
3. [www.Ziyonet.uz](http://www.Ziyonet.uz)
4. [www.edu.uz](http://www.edu.uz)
5. [tdpu-INTRANET. Ped](#)

<b>МАЗМҰНЫ</b>	
Автордың аннотациясы.....	4
Кіріспе.....	6
<b>I тарау. Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру</b>	
1.1. Сыныптан тыс жұмыстардың негізгі түрлері.....	10
1.2. Үйірме және олардың түрлері.....	15
<b>II тарау. 5-6-сыныптарда сыныптан тыс жұмыстарды ауызша және жазбаша дамытудың маңызы</b>	
2.1. Сыныптан тыс жұмыстарды ауызша дамытудың тиімділігі.....	26
2.2. Мазмұндама мен шығарма жаздыру –жазбаша тіл дамытудың тірегі.....	40
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	<b>55</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	<b>57</b>